

#ЖаңаҚазақстан

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді. Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



НАҚТЫ ӘРІ БАТЫЛ ҚАДАМ

4-5

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ДҮНИЕГЕ ӘППАҚ ҚҰРАЛАЙ КЕЛДІ

24

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылдың 26 мамырында өтеді. Өтетін орны мен уақыты туралы қосымша хабарланатын болады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

19.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

20.05.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №54 (6189) 19 мамыр, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ

екінші жартыжылдықтың басында толық қалпына келеді



Президент шаһар басшысы Ерболат Досаевты қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматының биылғы қаңтар-сәуір айларындағы экономикалық жағдайы туралы есеп берілді. Осы кезеңде қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,6 пайызға дейін көтерілген. Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі 21,3 пайызға жеткен. Қаңтар оқиғасынан кейінгі қала экономикасының өсу қарқыны екінші жартыжылдықтың басында толық қалпына келеді деп болжанып отыр.

2

ФОНТАН

СУБҰРҚАҚТАР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ ҚОСЫЛУДА



Алып шаһарға сән беріп тұрған субұрқақтар 25 мамырға дейін кезең-кезеңімен қосылады. Бүгінде қаладағы 60 коммуналдық субұрқақтың 16-сы іске қосылған.

8

ҚАЛАЛЫҚТАР НАЗАРЫНА!

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесуі
2022 жылғы 19 мамыр, сағат 15.00

Кездесу Наурызбай ауданының «Қалқаман-2» шағынауданы, Талжанов көшесі, 1 Г мекенжайда орналасқан жалпы білім беретін №206 мектепте өтеді. Бұл – қала әкімінің тұрғындармен төртінші жүздесуі болмақ. Жыл соңына дейін барлығы 24, яғни әрбір 8 ауданның тұрғындарымен тоқсанына кемінде бір кездесу өткізу жоспарланған.

ҚЫСҚА...

- «Аңсаған сәби» бағдарламасы арқылы 1307 сәби дүниеге келді.
- Биыл шағын ауылдар медициналық қызметкерлермен қамтылады.
- Оқушылар мен ата-аналар QR код арқылы шағымдана алады.
- Әлемдік «Tiji» және «Nickel-odeon HD» телеарнасы қазақ тілінде көрсетіле бастады.
- «Алматы жастары» бағдарламасына құжат қабылдау басталды.
- Қазақстандағы реформалар Анкарада талқыланды.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Президенті **Үкімет басшылығымен кеңес өткізді.** Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері және «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басшылығы қатысты.

Кеңес барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың, шекара маңындағы өңірлер ықпалдастығының кешенді мәселелері қарастырылды. Қазақстан заңнамасына сәйкес және геоэкономикалық жағдайларды ескере отырып, Үкімет басшылығына екіжақты ынтымақтастықтың шешілмеген мәселелерін реттеу міндеті жүктелді.

■ ҮКІМЕТ

Әрбір әкім өңірдегі жолдардың жай-күйіне тікелей жауапты. Еліміздегі автожолдар саласын дамыту мәселелері қаралған Үкіметтің кезекті отырысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов осылай деп мәлімдеді.

Еліміздің автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 96 мың шақырымды құрайды, оның ішінде 25 мың шақырым – республикалық маңызы бар жолдар, 71 мың шақырым – облыстық және аудандық маңызы бар жолдар. 2025 жылға дейін нормативтік талаптарға сәйкес республикалық маңызы бар жолдардың үлесін 100%-ға, жергілікті жолдардың осындай үлесін 95%-ға дейін жеткізу көзделген. Дүниежүзілік экономикалық форумның деректеріне сәйкес, Қазақстан жол сапасы жағынан әлемде 93-орында.

■ МИНИСТР

Денсаулық сақтау министрі Асқар Ғиният **коронавирус**тың инфекцияның «стелс-омикрон» жаңа штамы туралы мәлімет берді. Жаңа «стелс-омикрон» штамы Қазақстанның 12 өңірінде, негізінен, Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты ірі мегаполистерде анықталған.

«Коронавирустың инфекцияның бұл түрі «дельтаға» қарағанда жеңілрек. Бірақ қауіп де аз емес, өйткені ол тез таралып, қайталанатын ауруға әкеледі. Сырқаттанушылық деңгейіне күн сайын мониторинг жүргізіледі. Симптомдармен емделетін барлық пациенттер толық ем алады. Біз бұл штамм аурудың осындай ағымында қандай да бір карантиндік шараларға әкеледі деп ойламаймыз. Вакцинациялау және ревакцинациялау – инфекциядан қорғанатын жалғыз жол. Халықты вакцинациямен барынша қамту үшін біз тиісті іс-шаралар қабылдадық. Тәулігіне орташа есеппен 15 мың адам егілуде», – деді министр Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

■ РЕФЕРЕНДУМ 2022

Орталық референдум комиссиясының республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері жөніндегі отырысы өтті. Отырыс барысында күн тәртібі бойынша үш мәселе қаралды. Олар:

1). Жергілікті атқарушы органдардың дауыс беруге арналған учаскелерді материалдық-техникалық жарақтандыру, мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде жағдайлар жасау, референдум комиссиясына республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін беру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы; 2). 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің санын белгілеу туралы; 3). 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру және оның қорытындыларын шығару тәртібі туралы. (Газеттің бүгінгі санында жарияланып отыр).

■ КОМИТЕТ

ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Балалар жылы аясында Bala Qorgau интернет-ресурсын іске қосты. «Енді мектептерде Bala Qorgau веб-сайтының QR-коды мен мекенжайы бар арнайы тақтайшалар орнатылады, онда оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қоя алады. Оқушылар мен ата-аналар анонимді түрде көмек сұрай алады немесе білім беру ұйымдарындағы заңсыз әрекеттер туралы хабарлай алады. Өтініш жасағандарға анонимділікке кепілдік беріледі», делінген БҒМ баспасөз қызметі тартқан хабарламада.

Мәлім болғандай, QR-тақтайшалар бүгінде Нұр-Сұлтан мен Алматының бірнеше мектептерінде орнатылған. «Алдағы уақытта олар басқа білім беру ұйымдарында да орнатылатын болады. Қазірдің өзінде 100-ден астам өтініш түсті, олар негізінен балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы мәселелеріне қатысты», деді ведомство өкілі.

■ ҚАЗГИДРОМЕТ

Елімізде 19–21 мамыр аралығында жауын жауып, қатты жел соғады, деп хабарлайды «Қазгидромет».

«Алдағы үш тәулікте Қазақстанның солтүстік жартысында Солтүстік-батыс циклоны, оңтүстік өңірлерге Оңтүстік циклоны ауа райына ықпал етеді. Осыған байланысты еліміздің барлық аумағында жаңбыр жауады. 19–21 мамырда оңтүстікте, оңтүстік-шығыста, 20–21 мамыр батыста, солтүстік-батыста толассыз жаңбыр жауады. Республика бойынша найзағай ойнап, бұршақ жауады, жел күшейіп, оңтүстік-батыста шаңды дауыл болады», делінген синоптиктердің хабарламасында.

ОРТАЛЫҚ АЛАН

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ

екінші жартыжылдықтың басында толық қалпына келеді

(Басы 1-бетте)

Президентке Алматының 2030 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын басымдықтар ұсынылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, маусым аралығында ерте пісетін көкөністер жеткізіледі. Ал тұрақтандыру қоры 11-ден 15 миллиард тенгеге дейін көбейген.

Мемлекет басшысына зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінің шығынын өтеу жөнінде берген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды. Бүгінге дейін құны 13,9 миллиард теңге болатын 1556 өтініш мақұлданған. Зардап шеккен ШОБ субъектілерінің

97 пайызы қаңтар оқиғасынан кейін жұмысына қайта кіріскен.

Президент жекеменшік инвестицияларды тарту үшін Алматының индустриалды аймағын кеңейту жөніндегі жоспармен танысты.

Ерболат Досаев Қасым-Жомарт Тоқаевтың қалада құрылыстың тығыз болуына жол бермеу және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы туралы айтты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысына Алматыдағы нөсер жауынға арналған кәріз жүйесін жаңғыртудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасының негізгі ережелері таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#КОНСТИТУЦИЯ 2022

Ерлан ҚАРИН,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Президенттің 2019 жылы бастаған бүкіл саяси реформасының қисынды жалғасы



ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин өзінің YouTube арнасында Конституцияға енгізілетін негізгі өзгерістерді беске бөлді.

«Бүгінде дамудың жаңа кезеңінде Қазақстанды ауқымды саяси жаңғырту күтіп тұр және бұл Конституциялық реформасыз мүмкін болмайды. Өзгерістер Конституция баптарының үштен біріне қатысты болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдегендей, Ата Заңға енгізілген түзетулер еліміз үшін тағдыр шешті мәнге ие. Сондықтан Конституцияға өзгеріс енгізу мәселесі Парламентте емес, республикалық референдумда шешілетін болады. Конституциялық реформа дегеніміз – Президенттің 2019 жылдан бергі бүкіл саяси реформаларының қисынды жалғасы. Бұл реформалар бойынша 10 заң қабылданған», – деді Мемлекеттік хатшы.

Мемлекеттік хатшы конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұраныстарына негізделгенін және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылатынын қадап айтты.

«Жоба бойынша жетекші галымдар, құқықтанушылар жұмыс істеді. Бәлкім, көпшілігіңіз үшін Конституцияның ескі және жаңа редакциясы арасындағы айырмашылықты бірден көру қиын болады. Сондықтан біз барлық өзгерістер мен толықтыруларды бес ірі блокқа бөлдік, олардың әрқайсысы жаңартылған Конституцияда не өзгереді деген басты сұраққа жауап береді», – деді Ерлан Қарин.

Түзетулердің бірінші блогы суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшуді қамтамасыз етеді.

Ерлан ҚАРИН: «Біріншіден, Президент өз өкілеттігі кезеңінде ешқандай саяси партия құрамында болмай-

ды. Бұл тыйым Конституциялық соттың, Жоғарғы Соттың, өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, сондай-ақ ҚР жоғары аудиторлық палатасының төрағасы мен мүшелеріне қолданылады. Түзетудің артықшылығы – саяси бәсекелестікті арттыру және барлық саяси партиялардың дамуы үшін тең жағдай жасау. Екіншіден, Президенттің жақын туыстарының мемлекеттік қызметшілер және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы болмайды. Үшіншіден, Президенттің аудандар, қалалар мен ауылдық округтер әкімдерін қызметінен босатуға құқығы болмайды».

Түзетулердің екінші блогы бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлуге бағытталған.

Ерлан ҚАРИН: «Біріншіден, Сенаттағы президенттік квота 15 депутаттан 10 депутатқа дейін қысқарады. Бұл ретте олардың бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсына-тын болады. Екіншіден, Сенат Конституциялық Кеңес пен Жоғары Сот Кеңесі төрағаларының қызметіне Президент енгізетін кандидатураларды мақұлдай алады. Үшіншіден, Конституциялық сот құрылады. Конституциялық сот 11 судьядан тұрады – бұл қазіргіден төрт адамға көп. Оның құрамы былайша құрылады: 6 судьяны Парламент тағайындайды, төрт судьяны Президент тағайындайды, Конституциялық Соттың Төрағасын Сенат келісімімен Президент тағайындайды. Төртіншіден, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттары алдында есеп береді. Мұндай шаара депутаттардың бюджетті бақылауын кеңейтеді».

Түзетулердің үшінші блогында Парламент пен оның палаталарының рөлі мен мәртебесін арттыру туралы айтылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Мәжілістен Сенатқа ауыстырылып, 9 депутаттан 5 депутатқа дейін қысқартатынын еске салған Мемлекеттік хатшы Мәжіліс депутаттарының аралас сайлау жүйесі бойынша сайланатынына маңыз берді. Мәжілістің 30%-ын бір мандатты депутаттар құрамақ. Бұл барлық азаматтардың құқықтарын толық ескеруге мүмкіндік жасайды.

«Мәжіліске заң қабылдау, ал Сенатқа оларды мақұлдау немесе мақұлдамау ұсынылады. Бұл саяси жүйедегі кедегілер мен тепе-теңдік тетігін нығайтады», – деп атап өтті спикер.

Биылғы қаңтар-сәуір айларында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 107,6 пайызға дейін көтерілді. Негізгі капиталға салынған инвестицияның өсімі 21,3 пайызға жетті.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шараларына сәйкес, тұрақтандыру қоры 11-ден 15 миллиард тенгеге дейін көбейген.

Зардап шеккен ШОБ субъектілерінің 97 пайызы қаңтар оқиғасынан кейін жұмысына қайта кіріскен. Бүгінге дейін құны 13,9 миллиард теңге болатын 1556 өтініш мақұлданған.

Конституцияға енгізілетін түзетулердің төртінші блогы халықтың ел басқару ісіне көбірек қатысуын көздейді.

Ерлан ҚАРИН: «Ең бастысы, жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі деген норма Конституцияда түпкілікті және біржақты бекітілген. Мемлекет халық атынан меншік құқығын жүзеге асырады».

Спикер тұжырымдағандай, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке Президент осы өңірдің барлық мәслихаттары депутаттарының келісімімен ғана тағайындайтын болады. Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, олар бойынша дауыс беру өткізіледі. Ең көп дауыс алған кандидат лауазымға тағайындалады.

Түзетулердің бесінші блогы азаматтардың құқықтарын қорғау тетігін күшейтуге бағытталған.

Ерлан ҚАРИН: «Біріншіден, Конституциялық сот азаматтар өтініші бойынша ҚР құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайтын болады. Екіншіден, өлім жазасын конституциялық деңгейде жою туралы шешім түпкілікті бекітіледі. Үшіншіден, прокуратураның жұмысы Конституциялық заңмен белгіленеді. Бұл жүйелі құқық қорғау қызметін және мемлекет атынан ел аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды күшейтеді».

Және бір мәселе: Мемлекеттік хатшы мәлім еткендей, адам құқықтары жөніндегі уәкіл иммунитетке және қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тәуелді болмау және есеп бермеу кепілдіктеріне не болады, әрі оның Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар. «Мен атап өткен түзетулер Мемлекет жұмысының негізгі принциптеріне қатысты және Қазақстан үшін тарихи маңызы бар», – деді Ерлан Қарин.

«Бұл реформалар – ауқымды саяси жаңғырудың аса маңызды кезеңі. Осы түзетулер қабылданғаннан кейін 20-дан астам заңды өзгерту қажет болады. Конституциялық реформа жүйелі сипатқа ие. Нәтижесінде барлық мемлекеттік модельдің тиімділігі артады. Бұл өзгерістердің әсерін әрбір қазақстандық сезінетін болады».



ҚАЛАЛЫҚ ШТАБ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда референдумды қоғамдық қолдау штабының ұйымдастыруымен жалпы 300-ден астам кездесу ұйымдастырылды. Бұл туралы штабтың төрағасы Рахман Алшанов «Алматы ауыр машина жасау зауыты» ұжымымен кездесу барысында мәлімдеді.

Жиында бүкілхалықтық дауыс берудің маңызы, ондағы өзгерістер айтылды.

— Алдағы референдумда әркімнің дауысы маңызды. Себебі, әрқайсыларыңыздың пікірлеріңіз, көзқарастарыңыз — әртүрлі. Ұсынылған өзгерістерге қатысты мамандар, тарихшылар, заңгерлер, кәсіпкерлер, жастардың өзіндік ойлары болуы мүмкін. Сол үшін осындай жиындар ұйымдастырып жатырмыз. Баршаңыздың пікірлеріңізді тыңдаймыз, түсінбеген жерлеріңіз болса, түсіндіреміз, — деді референдумды қоғамдық қолдау штабының төрағасы Рахман Алшанов.

Ал қалалық мәслихат депутаты Әсия Аканова алдағы үлкен шара барлық қазақстандық үшін маңызды екенін жеткізді:

— Халық арасында түрлі сұрақ туындайды. Біз барынша түсіндіруге тырысамыз. Мәселен, көбі өзгертін 33 бапқа енетін 56 түзету нәтижесінде бір ғана сұрақпен берілген деген сияқты сауалды қояды. Біз оларға оның себебі енгізілетін өзгерістер бір-бірімен тығыз байланысты екенін айтамыз, — деді депутат.

Ұжымның басым бөлігі саяси реформаны оң қабылдайтынын, қатысып, өз таңдауын жасайтынын жеткізді. Жиын барысында жұмысшыларды алаңдатып отырған мәселелер талқыланды. Солардың бірі — өндіріс орнын дамыту, әйелдердің зейнет жасын қысқарту сияқты мәселелер.

Кездесу соңында Алматы ауыр машина жасау зауытының бас директоры Максат Қанатбаев спикерлерге алғыс айта келіп:

— Мемлекет басшысы жүргізіп жатқан реформалар бо-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

йынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін келген қонақтарымызға рахмет. Әрине, біз көпшілігіміз кеңес заманында, 30 жыл тәуелсіз мемлекетте өмір сүрдік. Бірақ ең бастысы, қазір

болып жатқан жағдай — бұл біздің болашағымыз үшін қажет болған өзгерістер. Сол себепті, барлығыңызды өз таңдауларыңызды жасап, дауыс беруге шақырамын, — деді.

КЕЗДЕСУ

Тұтастығымыз бен бірлігіміздің көрінісі болады



Динара
МҰРАТ

Алдағы референдум университет студенттеріне де түсіндіріле бастады. Кеше Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде 200 студент пен оқу орны қызметкерлері жиналған көпшілік алдында мамандар сөз сөйледі.

Олардың қатарында Конституцияға енгізілген өзгерістер бойынша референдум өткізуді қоғамдық қолдау жөніндегі қалалық штаб басшысы Рахман Алшанов, Олеся Клименко мен Жомарт Құдайбергенұлы болды.

Рахман Алшанов референдумда әр қазақстандықтың дауысы маңызды екенін алға тартып, заң бойынша халықтың кем дегенде 50%-ы референдумға қатыспаса, оның нәтижесі жоққа шығарылатынын баса айтты. Штабтың тағы бір мүшесі, журналист Олеся Клименко алдағы референдум біздің тұтастығымыз бен бірлігіміздің көрінісі болатынын атап өтті.

«Мен көп жылдан бері этно-мәдени салада жұмыс істеп келемін. Неміс газетінің редакторы қызметін атқарамын. Осы жылдың 5 маусымында өтетін референдумды жалпыхалықтық деп атауға толық негіз бар. Себебі, халық дауыс беру арқылы өзінің бірлігін, белсенді азаматтық ұстанымын, Жаңа Қазақстанды құруға ниетін көрсетеді. Айтып отырған өзгерістер соңғы бір-екі айда пайда болған дүние емес, халықтың жылдар бойы елді басқаруға деген талпынысынан туған қажеттілік. Сондықтан ел тағдырына бей-жай қарай алмайтын әр азамат дауыс беруге қатысады деп ойлаймын», — деді журналист.

Ал саяси ғылымдар докторы Жомарт Құдайбергенұлы референдумның тек саяси жақтарына тоқталып, өзгерістердің әсерін жастарға түсіндірді.

Жиын соңында студенттер мен оқытушылар түсінбеген жерлерін сұрап, өз ұсыныстарын білдіріп жатты. Кішігірім пікірталас өтті десек те болады.

ЖИЫН

Халықтың билігін нығайтады

Қазақстан Ұлттық кітапханасында Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін референдум өткізуге қолдау білдіру мақсатында жиын өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Б.Қ.Оспанова, кітапхананың ғылыми хатшысы Б.Жүнісбеков, кітапханашылар, ғылыми қызметкерлер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан Ата Заңға енетін өзгерістер жалпы халықтың үн қосуымен өткелі тұр. Осыған орай ел арасында қызу талқы, оң пікір, қолдау күшейді.

— Бүкіл қазақстандық кітапханалар одағының мүшелері бас қосты. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастамасына қолдау білдіруіміз керек. Мұндай үлкен шара еліміздегі маңызды оқиға дер едік. Сол себепті, баршаңыз бірауыздан осы референдумның өтуіне үлес қосып, ойымызды білдіруіміз қажет, — деді Ұлттық кітапхана директоры.

Референдумның ең алдымен халық үшін маңыздылығы жөнінде ҚР Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков өз ой-пікірін ортаға салды.

— Еліміз Президентінің ұйғарымы бойынша биылғы 5 маусымда өтетін референдум жөнінде ел-жұрттың арасында жақсы бір көңіл күй бар. Өйткені, референдум арқы-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

лы енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар шын мәнінде халықтың билігін нығайта түседі. Сонымен бірге, халық өзі өкілеттік беретін Парламенттегі Мәжіліс пен Сенаттағы айырмашылықтың аражігін ажырата алады. Бұл дегеніміз — «естітін мемлекет» сабақтастығын, жалғастығын, дәйектілігін көрсетеді. Осындай игі істер халықты қуантып отыр, — деді Б.Жүнісбеков.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

БРИФИНГ

Цифрландыру саласындағы жобалар



Шаһарда цифрландыруға қатысты бірыңғай коммуникациялық кеңістік құрылған. Алматы қаласы әкімінің жанындағы консультативтік-келісімші орган қала тұрғындарының цифрлық қабілетін арттыру, қалада цифрландыру деңгейінің дамыту бағыты бойынша жұмыс істейді.

Сондай-ақ, қала тұрғындары бетпе-бет келетін мәселелерді шешумен айналысады. Қалада

цифрландыруға қатысты бірыңғай коммуникациялық кеңістік жұмыс істеп тұр. Ол — қаладағы барлық жоғары оқу орнын, IT компанияларды, IT саласындағы талантты азаматтарды біріктіретін бірыңғай платформа. 2021 жылдың 15 шілдесінен бастап іске қосылған платформаға 2150 IT маманы, 23 IT компания, бизнестен 23 бос орын мен 53 білім беру курсы тіркелген. Қаланың цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаевтың айтуынша, қаладағы цифрландыру мәселесін шешуге енді жоғары оқу орнының студенттері тартылды.

«Бірыңғай коммуникациялық кеңістік университет мүмкіндігін барлығы пайдалана алу үшін құрылды. Біз бизнес үшін бір терезе, білім беру бағыты бойынша бір кластер ашуымыз керек еді. Қазір Қазақ-Британ университеті студенттерінің тең жартысын ақпараттық технологиялар бағыты бойынша оқытады. Алматы облысындағы Сүлеймен Демирел университеті де ақпараттық технологиялар бағытындағы мамандарды даярлауға басымдық беріп отыр», — дейді Алматы цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев.

Басқарма басшысының айтуынша, қаладағы барлық дерлік жоғары оқу орны ақпараттық технология бойынша мамандарды даярлауға ден қойған. Енді басқарманың міндеті — әр жоғары оқу орнының өз цифрландыру бағыты болуын қамтамасыз ету. Демек, бұған дейін ақпараттық технология жалпылама оқытылса, енді әр оқу орны салалық цифрландыруға көшуі қажет. Мысалы, бір университет білім беру саласындағы цифрландыруға, енді бірі денсаулық сақтау саласындағы цифрландыруға бағыттап, білім бергенін жөн көрді.

Алматыда 37 жоғары оқу орнында 182 000-нан астам студент осы бағытта білім алып жатыр. Бұл қаладағы мәселеге назар аудару, оларды шешу үшін жастарды тартуға үлкен мүмкіндік береді. Соған байланысты цифрландыру басқармасы студенттерге қаланың динамикалық дамуы бойынша нақты тарихи деректерді ұсынып отыр. Сондай-ақ, оларға аудан әкімдігі өкілдерімен тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі берілген.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Баян Қоңырбаев бірнеше студенттен құралған топ ғылыми жұмыс барысында бұрын-соңды байқалмаған мәселенің шешімін таба алатынын айтты. Оның айтуынша, бұл бастама жастардың жаңа идеяларды ұсынуы бойынша жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Басқарма басшысы қала мәселесін шешу үшін консалтинг компанияның қызметін пайдаланғаннан гөрі, университеттермен бірлесе жұмыс істеудің тиімді екенін айтады.

Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық 10 бастама:

ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУ мүмкіндіктерін кеңейту

- Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты біз партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.
- Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн.
- Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі.
- Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды.
- Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді.
- Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады.
- Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, мемлекет және қоғам қайраткері:

Ұлттық мүмкіндігімізді таразылайтын кезең келді

Жаңа Қазақстан қазір қазақ елінің кешегі қаңтар оқиғасынан кейін есін жинап, жаңа дамудың сатысына өткен жұртымыздың бағытын, бағдарын таразыға қойып отыр. Дәл осы бағытта көп нәрсе біздің кетеуі кетіп бара жатқан қиындықтарымыздың бәрінің бетін қайтару үшін жасалды. Әлеуметтік, рухани бағыттағы болып жатқан қиындықтарды, экономикалық, саяси сипаттағы кейбір өзгерістердің бәрін бір арнаға салу үшін Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Конституцияға түбегейлі өзгерістер енгізу жөнінде өзінің халыққа нақты ұсынысын айтты. Қазір ол ұсыныс талқылауға түскелі отыр. Жалпыхалықтық референдум Парламенттік деңгейде өткен заңнан құқығы да, пәрмені де әлдеқайда жоғары. Өйткені, халық өзі қабылдап отыр. 1995 жылы Ата Заңды халық қабылдаған еді, енді сол Заңға жасалып жатқан түбегейлі өзгерістердің бәрін халық өзі жасауы керек. Бізге қазір халықтық, ұлттық мүмкіндігімізді таразылайтын кезең келді. Ұнамай ма, сызып тастаңыз, ұнай ма, дауыс беріңіз! Міне, сонда ғана біздің шынайы демократиялық үлгідегі ұлттық сипаттағы тұтастығымызды сақтайтын Конституция өмірге келеді деп ойлаймын. Сондықтан бұған өте сергек қараңыздар! Тілдің, жердің тұтастығына қызмет ететін Конституция болған жағдайда біз мемлекетті сақтай аламыз.

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Тағдыр шешілетін қадам болмақ

Бұрын біз 29 жыл бір кемемен бір айдында жүзіп келген болсақ, енді ары қарай өз тәуелсіздігіміздің тарихының 30-жылында біз басқа бір жаңа кемеге мінуіміз қажет екеніне бәрімізді өмір алып келді. Сол кеме, шынтуайтына келгенде, жаңа кеме – Жаңа Конституция. Біз әрі қарай тарих айдынында аман-есен жүзу үшін, ол кемеге мінгеннен кейін, бүкіл қазақстандықтардың «кемедегінің жаны бір» дегенге келеді. Біз аман-есен тарих айдынында кез келген толқында төңкеріліп қалмау үшін жаңа кемеге мінгелі тұрмыз. Келесі онжылдық, жүзжылдықтарға Конституция арқылы қозғалатын боламыз. Әрқайсысымызға қатысы бар қадам. Ендеше референдум – сол қадамды белгілейтін күн. Бәріміздің тағдырымызды шешетін мәселе.

Уәлихан ҚАЛИЖАН,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Пайдасын халық көру керек

Қазақстан тарихында бүгінгі күнге дейін Конституция 5 рет өзгерген. Олардың бәріне заманның жағдайына, экономикалық мәселелеріне орай түзетулер енгізілген болатын. Мәселен, 1995 жылғы Конституция енгізілгеннен кейін Қазақстанда суперпрезиденттік жүйе қалыптасты. Барлық мәселе Президентке келіп тірелді де, шексіз билік шексіз байлыққа алып келді. Олигархтардың тобы осы кезеңдерде Қазақстанның шикізатын пайдаланды. Нарықтық қатынастардың негізіндегі жекешелендіру процестерін өткізді. Халық бір бөлек, мемлекет бір бөлек қалып қалды. Сондықтан халықаралық деңгейдегі саясаткер ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәселелердің бәрін егжей-тегжейлі ойластыра келе, Қазақстан халқына жаңа бағыт ұсынып отыр. Оның ішіндегі ең күрделі мәселелердің бірі – халық қазақтың жеріне, қазба байлығына ие. Пайдасын халық көру керек.

Дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.



5 МАУСЫМ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

Нұрлан ӘБДІРОВ,
ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы:

Комиссиялар жұмысқа кірісті Қазақстанда 10 мыңнан астам референдум учаскесі іске қосылады

ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Орталық референдум комиссиясының кезекті отырысында учаскелік референдум комиссияларының жұмысқа толық кіріскенін мәлім етті.

«Біз республикалық референдумды әзірлеудің маңызды мәселелерін қарастырдық. Осылайша референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі науқан жаңа кезеңге аяқ басты. Учаскелік референдум комиссиялары жұмысқа толығымен кірісті. Тыңдалған есептерге сүйенсек, нақты жұмыстар жүргізілді. Жалпы, 10 013 референдум учаскесі іске қосылады», – деді спикер.

Төраға аталған учаскелерде дауыс беру үшін барлық жағдай жасауды тапсырды. «Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне тоқталсақ, 15 мамырдағы ақпарат бойынша бұл тізімге 11 млн 722 мың 536 адам енгізілген. Жергілікті атқарушы органдар учаскелердің дауыс беру күніне дайындық мәселелерін бақылауда ұстауы қажет. Мүгедектігі бар адамдар үшін барлық жағдайды қамтамасыз ету бағытында қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға назарларыңызды аударамын. Осы орайда, оларға ыңғайлы болуы үшін инвотакси тарту мәселелері және басқа да қадамдар қосымша пысықталсын», – деді Нұрлан Әбдіров.

БРИФИНГ

Таңдау жасауға жол ашық



Бөлінген қаржы қалай жұмсалады?

Бұл туралы ОСК хатшысы Сабина Мұстафина Орталық референдум комиссиясы аясын-

да өткен брифингте айтты.

«Референдумға Үкіметтің резервтік қаражатынан 16 млрд 460 млн теңге бөлінді. Оның 21 пайызы учаскелік комиссиялардың материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге, Орталық референдум комиссиясының, референдумның учаскелік және аумақтық комиссияларының жұмыс жағдайын қамтамасыз ету, баспа өнімдерін шығару, ақпараттық қамтамасыз ету бойынша жұмыс, сондай-ақ республика бойынша ақпараттық билбордтарды дайындау және орналастыруға жұмсалады», – деді Мұстафина.

Сметада қаражаттың 79 пайызы учаскелік және аумақтық комиссиялардың 71 мыңға жуық мүшесін еңбекақымен қамтамасыз етуге жұмсалмақ. «Төлем нақты жұмыс істеген уақытына қарай төленеді. Комиссия мүшелерінің барлығы бірдей жұмыс істемейді. Комиссия мүшелерінің көпшілігі іс жүзінде негізгі кәсіби қызметінен ауытқымайды және комиссияларда кесте бойынша жұмыс істейді», – деді ол.

Дауыс қалай беріледі?

Бұл туралы ОСК басшысының орынбасары Константин Петров түсіндірді.

«Бюллетеньдер жасырын дауыс беру кабинетінде толтырылуы тиіс. Оны әркім өзі толтырады.

Толтыру кезінде сайлаушыдан басқа біреудің болуына тыйым салынады. Егер жеке азаматтар денсаулығына байланысты немесе басқа себептермен оны өз бетінше толтыра алмаса, олар референдумды ұйымдастырушылар мен бақылаушылардың қызметін емес, басқа азаматтың қызметін пайдалануға құқылы», – деді К.Петров.

Оның айтуынша, азамат өзі дауыс беретін жауаптың оң жағындағы бос жәшікке кез келген белгіні қоя алады.

«Бір сұрақ, екі жауап. Оны таңдап, бір белгі қою керек, – белгілеуге болады, + қоюға болады, дөңгелетуге болады, «галочка» қоюға болады. Бірақ таңдау анық болуы керек. Қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Толтырылған бюллетень сайлау жәшігіне тасталады», – деді.

Қатысуды қалай тексеруге болады?

Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов тарқатты.

Ол референдум учаскесінің шекараларында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелген азамат өзін республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімінен таппаған жағдайда, өзінің дербес деректерін пайдалану туралы келісімін көрсете отырып, тізімге енгізу туралы жазбаша өтінішпен учаскелік комиссияға жүгінуге құқылы екенін айтты.

Онлайн-сервис парағында өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша референдумның тиісті учаскесінің шекарасындағы аумақта тұрақты тіркелгені туралы мәліметтер расталған кезде учаскелік комиссия оны республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



САРАПШЫ ПІКІРІ



Ерлан СТАМБЕКОВ,
кәсіпкер, қоғам қайраткері:

НАҚТЫ ӘРІ БАТЫЛ ҚАДАМ

Биыл 16 наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Онда Мемлекет басшысы елде саяси реформа жүргізу, мемлекеттің басқару үлгісін өзгерту, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында әкімшілік-аумақтық құрылымдарды жетілдіру керектігін айта келіп, ел арасында айтылып жүрген мәселелерге баса назар аударған болатын.

Дейтұрғанмен, еліміз бүгінде жаңа Қазақстанның жаңа ережелерін белгілейтін тарихи кезеңді бастан өткізіп жатыр. Баршаңызға белгілі, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Бірік күннен кейін Ата Заңымыздың 30-дан астам бабына өзгерістер енгізіліп, 20-дан астам заң қабылданады. Өз басым, саяси жүйемізді түбірімен өзгертетін мұндай реформаны құптаймын. Яғни алдағы референдумды және Конституцияға енгізілетін барлық түзетулерді толық қолдаймын.

Өз басым, 61-бапқа енгізілген түзетулер маңызды деп санаймын. Себебі, Парламент осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген заң жобалары енгізілген жағдайда, ҚР Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң жүзінде күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді өз жауапкершілігіне алуына құқылы. Ал ол Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін жарамды.

Яғни менің ойымша, халық кейбір жағдайда Үкімет авторитаризмінің күшеюін көре отырып, бұл бапты манипуляциялауға болатынын біледі. Сол себепті, бұл халықтың аландырушылығын тудыруы мүмкін. Сондықтан Парламентке ұсынылған барлық өкілеттіктер, Президентке тиесілі басқару тетігі, Сот билігі мен Конституциялық сот өкілеттілігі тепе-теңдікті ұстауы керек. Қандай жағдай болсын, Үкіметке бұл бапты қалаған уақытында өзгертіп отыруына жол бермеу керек. Өйткені, халық алдағы болатын референдумнан әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға қатысты бағыттарды көбірек күтеді. Әлеуметтік желідегі жазбалардан осыны аңғаруға болады. Қазір халық өте сауатты. Қоғамда болып жатқан жаңалықтардың барлығын қалт жібермей қадағалап отырады. Сондықтан олар өз ойларын ортаға ашық айтып, пікір алмасқанды құп көреді. Сондықтан қалың бұқараның алдағы саяси шешім қабылдар күнге қатысты жаңалықты, яғни халықтың ұсыныс-пікірін білуге қатысты Президенттің ұсынысын таңырқай қабылдағаны жасырын емес. Сол себепті де, қоғам арасында «мемлекет халықты ести бастағандай ма?» деген пікір қалыптасуы заңдылық. Өйткені, бұған дейін басты заңға өзгеріс енгізгенде ешкім қарапайым

халықтың пікірін сұрамаған. Барлық шешім депутаттардың «бір ауыздан» мақұлдауымен жүзеге аса беретін. Бұл жолғы реформа сонысымен де ерекше. Міне, Президент осы тұста халықтың көкейіндегі ойды дөп басты. Мемлекет басшысы Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістерді халық талқысына шығарып, барша қазақстандықтардың ой-пікірін ескере отырып, қабылдауды ұсынды. Өз Үндеуінде: «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!» деп атап өтті.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі болатын. Міне, осы тұжырымдама көптеген қалың ел тарапынан қолдау табуы тиіс. Демек, «халық үнін еститін мемлекет» деп айтылған сөздің жүзеге асатын, халыққа қызмет ететін, елдің талап-тілегін орындайтын мемлекет құратын сәт келді.

Ендеше, алдағы референдум Президентіміз айқындап берген «Екінші республиканың» – билік пен қоғам арасындағы байланыстың жаңа кезеңі болмақ. Енді біз қоғам болып әділетті Қазақстанды өзіміз құрамыз. Ол үшін Мемлекет басшысының саясатын бүкіл халық болып бірауыздан қолдап, референдумның өз деңгейінде өтуіне атсалысуымыз керек.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысының бұл бастамасын түсіндіруде республика көлемінде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Алматыда жалпыхалықтық референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі қалалық штаб құрылды. Арнайы топ жалпыхалықтық референдумды қолдау үшін қоғамдық пікір қалыптастыру бағытында халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтар болсам, алдағы 5 маусымда өтетін референдум елімізге көптеген өзгерістер алып келеді деп ойлаймын. Бұл қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жойып, әділ әрі тең құқылы мемлекет орнатуға жол ашады. Мемлекет басшысы Үндеуінде барлық өзгерістердің халықтың тұрмысын түзеп, әл-ауқатын арттыруға бағытталатынын айтқан. Халықтың күтіп отырғаны да міне, осы. Ендеше, бұл кезең «Жаңа Қазақстан» құру жолындағы алғашқы нақты әрі батыл қадам болмақ.

Жалпы, дауыс беру белсенділігі елдің одан әрі даму бағытына қалай әсер ететінін көрсетеді. Өз басым, алматылықтардың еліміздегі барлық саяси науқандарда белсенді азаматтық ұстаныммен дауыс беретінін білемін. Сондықтан 2 миллионға жуық халқы бар алып қала бұл жолы да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізеді деп есептеймін.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІНЕН:

Құрметті референдумға қатысушы!

- Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.
- Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі болып табылады.
- Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.
- Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.
- 2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІ

6-бап, 3-т.



3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.



3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

15-бап, 2-т.



2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы заңмен белгіленеді



3. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.



КЕЗДЕСУ

Саяси жүйені түбірімен өзгертіп, мемлекеттік басқару ісіне атсалысу үшін азаматтарға кең мүмкіндіктер беру – Президенттің биылғы Жолдауында айтылған бастамалардың негізгі мақсаты. Жаңа Қазақстанды құруда реформаларды жаңарту маңызды деген Алматы қалалық референдумды қоғамдық қолдау штабының мүшелері «Казлегпром-Алматы» тігін фабрикасының қызметкерлерімен кездесті.

БОЛАШАҚ ҮШІН
МАҢЫЗДЫ
ҚАДАМ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Олар 5 маусымда өтетін жалпыхалықтық референдумға қатысты толыққанды ақпарат берді. «Конституцияға өзгеріс енгізу – бұл болашақ үшін қажет» деген пікірді ұстанған штаб мүшелері әр азамат жалпыхалықтық дауыс беруге белсенді қатысып, өз таңдауын жасаса дейді.

– Алматы қалалық референдумды қолдау штабының өкілдері жеңіл өнеркәсіп фабрикасына келіп тұрмыз. Бірден көз қуантады. Қазақтың қаншама қыз-келіншектері жұмыспен қамтылып, 4 қабат ғимараттың ішінде нәтижелі жұмыс істеп жатқандығы көрінеді. Халықтың көкейін тесіп жүрген өзекті мәселенің барлығының басы қайырылды. Сондықтан да бүгін мынау жұмысымыз нәтижелі болды деп ойлаймын, – деді референдумды қоғамдық қолдау штабының мүшесі Кенжехан Матыжанов.

#РЕФЕРЕНДУМ2022

ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ САРАПТАЛДЫ

Қазақстанда Орталық референдум комиссиясының отырысы өтті. Алматыда 1126854 референдумға дауыс беруші бар.



Досбол
АТАЖАН

Отырысқа Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, ал бейнеконференция байланысы режимінде облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің аппарат басшылары және аумақтық референдум комиссияларының мүшелері қатысты.

Отырыстың бірінші мәселесі бойынша облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің аппарат басшыларының ақпараттары тыңдалды. Олар дауыс беруге арналған учаскелерді материалдық-техникалық жарақтандыру, мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау жөнінде жүргізілген жұмыстар туралы баяндады.

Отырысқа Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Асат Нұрпейісов қатысты. Оның айтуынша, Алматыда 1126854 референдумға дауыс беруші бар. Олардың 46983-і мүмкіндігі шектеулі жандар. Сондай-ақ, жалпы есепте қала бойынша 574 дауыс беру орталығы бар және 5 маусым күні 46 инвентаріс іске қосылады. Алматылық дауыс берушілер өзінің сайлау учаскелерін OpenAlmaty сайтынан не Telegramm боттан біле алады.



ОРК төрағасы Нұрлан Әбдіров ел аумағында республикалық референдумда барлығы дауыс беруге арналған 10 013 учаске жұмыс істейтінін атап өтті.

Сондай-ақ, бірінші мәселені қарау қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыреті аясындағы дауыс беру күнін ұйымдастыру жөніндегі барлық мәселелер міндетті түрде шешілуі қажеттігін және ерекше бақылауда болуы тиіс екенін атап өтті.

ОРК төрағасы ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға жағдай жасау мәселесіне ерекше назар аударып, «Инвентаріс ұйымдастыру, қажет болған жағдайда сурдоаудармашыларды тарту мәселелерін, мүгедектігі бар азаматтарға ыңғайлы болу үшін басқа да барлық шараларды тағы да пысықтап алу қажет», – деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман сөз сөйледі. Баяндамашы өз сөзінде «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес дауыс беруге

арналған бюллетеньдерді дайындау тәртібін Орталық референдум комиссиясы айқындайтынын хабарлады.

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің, республика бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері ұсынған мәліметтер мен есептерге сәйкес, тізімдерге 11 722 536 азамат енгізілді.

Аумақтық референдум комиссиялары бюллетеньдерді референдум учаскелеріне жеткізу үшін белгіленген мөлшерде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындауды 2022 жылғы 28 мамырға дейін қамтамасыз етуге тиіс.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Орталық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

2022 жылғы 5 маусымда дауыс беру жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 7-ден бастап кешкі сағат 20.00-ге дейін өткізіледі. Учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру уақыты мен орны туралы азаматтарды дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен

кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді. Дауыс беру күні – дауыс беруге арналған учаске ашылған кезден бастап референдум учаскесінде дауыстарды санау нәтижелері анықталғанға дейін Республиканың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері мен шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы. Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етеді.

Сондай-ақ, үшінші мәселе шеңберінде цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов «Азаматтардың «Электрондық үкімет» порталында тіркелген жері бойынша мәліметтерді тексерудің онлайн-сервисін іске асыру туралы» баяндама жасады.

Орталық референдум комиссиясы мен Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі белгіленген тәртіппен азаматтардың «Электрондық үкімет» порталында тіркелген жері бойынша мәліметтерді референдум учаскесінде тексерудің онлайн-сервисін іске асыру жөнінде бірлескен құжат дайындады.

Отырыс қорытындысы бойынша Нұрлан Әбдіров азаматтарды дауыс беру уақыты мен орны туралы кеңінен хабардар ету жөнінде жұмыс жүргізу қажеттігін алға тартты.

«Бұл дәстүрлі түрде қолданылып отырған «дауыс беруге шақыру қағаздары» сияқты тәсілдерден бастап, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің заманауи гаджеттері мен SMS-хабарламаларын пайдалануға дейінгі ақпараттандырудың әртүрлі, ыңғайлы әрі тиімді тәсілдері болуы тиіс», – деп атап өтті.

САРАПШЫ ПІКІРІ

РЕФЕРЕНДУМ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Референдум сөз болғалы бері ел арасында түсіндіру жұмыстары кеңінен қолға алынды. Оның мәні мен негізі, себеп-салдары, мемлекет болашағы үшін маңызы түрлі жиындарда айтылып жатыр. Әуезов ауданында өткен сондай бір кездесуде саяси ғылымдар докторы Жомарт Құдайбергеноұлы мен академик Дәуренбек Өмірбекұлы сарапшы ретінде баяндамаларын оқып, алдағы нақанның қажеттілігін қарапайым тілмен пайымды түрде жеткізді десек болады.



Динара
МҰРАТ

БІЗДІ НЕ КҮТЕДІ?

Саяси ғылымдар докторы ретінде Жомарт Құдайбергеноұлы референдумның саяси жағынан мәніне, одан әрі бізді күтетін алдағы өзгерістерге бөлім-бөліммен тоқталды.

– Кезінде Ата Занда қабылданған өзгерістер ақыр аяғында олигополияға алып келді. Демократиялық дағдарыстың салдары – Қаңтар оқиғасы кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев батылдық, табандылық танытпаса, азаматтық соғысқа дейін жетер ме едік?! Референдум – сол оқылықтардың орнын толтырып, ары қарай даму бағытын белгілеу жолындағы алғашқы талпыныс. Оны «халық болып ақылдасайық, бірге отырып шешейік, өзгерістер енгізейік» деген Президенттің елден сұрап өтініші ретінде бағалауға болады. Енді бізді алда күтіп отырған өзгерістер, яғни Ата Зандағы түзетулерге тоқталсақ. Бар 33 түзетуді 6 бөлімге бөліп қарастыруға болады.



Біріншіден, саяси негіздер. «Суперпрезиденттік» жүйеден президенттік республикаға түбегейлі өту. Парламенттің беделі болуы керек, үкімет халықтың алдында есеп беруі тиіс. Яғни іс жүзінде «халық үніне құлақ асатын» мемлекет құру. Оның отбасы мүшелерінің квазимемлекеттік қызметке тұрғызылмауын бақылау.

Екіншісі, билікті теңдей бөлу. Бірқатар билік өкілдерінің өкілеттілігін қайтару. Мысалы, Конституциялық кеңес. Бұрынғы ережеге сай Президент кеңеске бағынбайды, ал бүгін біз оны Конституциялық сот дәрежесіне көтерсек, Мемлекет басшысының аталмыш органға бағынуы міндетті болады. Нәтижесінде Президенттің ерекше статусы өзінен-өзі жоғалмақ.

Үшіншіден, демократияға толыққанды бетбұрыс. Ел басқару ісіне халықты біржолата кіргізу. Үкімет өкілдерін халық сайлауы тиіс. Ол үшін бәсекелестікке жол ашу қажет. Азат партиялардың санын көбейту. Ірі қалалардың, облыс орталықтарының әкімдерін халық сайлауы қажет!

Төртінші, жер мәселесі. «Жер мемлекеттік ме, халықтыкі ме?» деген сұрақтың нүктесін қою керек.

Бесінші мәселе. Демократияның ең негізгі көрінісі – гумандылық. Сондықтан өлім жазасын жою.

Алтыншысы, еңбек ету бостандығы. Қызмет түрі мен мамандықты таңдауда толыққанды бостандық беру. Жалпы осы бағытта демократиялық процесті күшейту.

УАҚЫТ ПЕН ХАЛЫҚ ТАЛАБЫ

Дәуренбек ӨМІРБЕКҰЛЫ,
академик:

Жалпы 1991–1995 жылдары қабылданған Конституцияларға 5 рет толықтырулар енгізілген. Оның соңғысы 2019 жылы тіркелді. Бұл толықтырулар бірден, небәрі 10–15 минут ішінде халық келісімінсіз енгізіліп жатты. Осы күнге дейін барлығы 18 бап өзгеріп кеткен. Ол өзгерістердің түпкі мақсаты да бүкілхалықтық мүддеден ада еді. Оңсыз да бір адамның айналасындағы билікті, Президенттің өкілеттілігін арттырумен ғана сипатталды. Осы мәселенің шарықтау шегі – Қаңтар оқиғасы. Екі жүзден астам азаматымыз құрбан болды, түсініспеушілік арта түсті. Ақырында бұрынғы алған бағытымызбен ендігі әрі жүре алмайтынымыз айнадайын түсінікті болды. Сондықтан мемлекет тұғыры – Ата Занға 33 түзету енгізу қолға алынып отыр. Алдағы болатын референдумның маңыздылығы, міне, осында жатыр. Яғни саяси өмірді түбегейлі жаңарту, қалыпты үрдістен демократияға қарай жүру.

P.S.:

Жалпы Әуезов ауданында 100 сайлау учаскесі тіркелген. Оның 98-і ашық, екеуі – жабық. Қазірдің өзінде әкімшілік тарапынан дайындық жұмыстары басталып кетті. Әр учаскеге арнайы адамдар бекітілген. Олар нысанға керек-жаракты түгендеп, бастан-аяқ дайындық жұмыстарына атсалысады, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы тұрғындары үшін Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша 2022 жылғы 5 маусымға белгіленген республикалық референдум туралы ақпарат беретін бірыңғай Call-орталық іске қосылды.

УЧАСКЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ
БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Call-орталық халықты ақпараттандыру және қала тұрғындарына референдум мәселелері бойынша кеңестер беру әрі дауыс беру процесіне тарту үшін құрылған.

Бірыңғай Call орталыққа +7 (727) 338-45-45 телефоны бойынша хабарласып, өзіңізді республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізімінен тексеруге, сондай-ақ өз учаскеңіздің нөмірі мен мекенжайың нақтылауға болады. Алматыда барлығы 574 сайлау учаскесі жұмыс істейтін болады. Толық ақпарат Алматы әкімдігінің сайтында қолжетімді.

Қоңырау шалу барысында Call-орталықтың операторлары азаматтардың мүмкіндіктеріне, дауыс беру рәсімдеріне және референдум күніндегі учаскелердің жұмысына қатысты барлық заңнамалық нормаларды түсіндіреді.

Call-орталық қоңырауларды күн сайын үзіліссіз және демалыс күндері, сондай-ақ дауыс берілетін күннің соңына дейін сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін қабылдайды, open-almaty.kz сайтында дауыс беруге арналған учаске туралы ақпарат алу жөніндегі Функционал қолжетімді, қажетті ақпаратты Telegram-бот @ReferendumAlmaty2022Bot арқылы да алуға болады. Өзіңізді тізімдерден табу және мәліметтерді алу үшін ЖСН нөмірін енгізу қажет.

Референдумға «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген сұрақ қойылған.



#ЖОЛДАУ2022

ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жаңа Қазақстанды құратын – дені сау ұрпақ, салауатты қоғам



Ғалымжан СҰЛТАНОВ,

*Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ның
дәрігері, жоғары санатты кардиохирург,
медицина магистрі*

**Біздің мұратымыз – Жаңа
Қазақстанды құру. Бұл – жаңару
мен жаңғыру жолы. Ал осы жолда
Жаңа Қазақстанды
қалыптастыратын – дені сау
ұрпақ, салауатты қоғам.**

пайызға жаңартуға, ескірген инфрақұры-
лымды ауыстыруға, өмір ұзақтығын бол-
жамды 75 жасқа дейін жеткізуге мүмкіндік
береді.

МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢ

*Біздің ұзақ өмір сүруімізге қызмет
ететін кеудеміздегі жұдырықтай жү-
ректі де күту маңызды. Хирургиялық
ота жасамаса болмайтын кез келген
жағдай адамды қорқыныш құша-
ғында қалдыратыны шындық. Со-
ның ішінде жүрекке жасалатын
операция туралы сөз қозғалар
болса, онда пациенттің үрейі
еселене түсері де ақиқат.*

Бірақ қорқудың еш қажеті
жоқ дер едім. Өйткені, бүгінгі-
дей жаһандану ғасырында
қазіргі заманауи медицинамыз
қарыштап алға дамып барады.
Мүмкіндіктер көкжиегі кең.
Бүгінгі таңда бізде жүрекке ең
жиі жасалатын операциялардың
қатарына көптеміз коронар-
лық шунттау, жүрек клапандарын
протездеу, инфарктан кейінгі анев-
ризманың пластикасы жатады. Бұл
хирургиялық оталар кардиологиялық
дәрігерлерге ғана қажет емес, бұл
тұрғыда ұсынылатын медици-
налық қызметтер түрінің аясы кеңейіп,
қызмет көрсету сапасы да жоғары деңгейге
жеткен. Мәселен, медицинаның түрлі са-
ласында қолданылып жүрген соны үлгі-
дегі заманауи технологиялар саны кейінгі
5 жылда бірнеше есе өсті. Соның нәти-
жесінде бүгінгі таңда операция кезінде
төнетін қатерлер мен отадан кейінгі асқы-
ну көрсеткіштері жыл сайын едәуір төмен-
деуде. Дегенмен, бәрібір де пациенттің
көңілінде үрей, қорқыныш тұрады да, ол
сол аралықта тәуекелге бара алмай, алтын
уақытын жоғалтып алуы бек мүмкін. Сон-
дықтан біз пациенттермен міндетті түрде
жеке-дара әңгіме-дүкен құрып, оларға
бәрін кәсіби тұрғыда түсіндіруге және бо-
йындағы қорқынышын сейілтуге тырыса-
мыз.

ҚАТЕ ТҮСІНІКТЕН АРЫЛЫҢЫЗ...

Сырықат жандармен әңгіме барысында
біз пациенттерімізді не нәрсе көбірек
үрейлендіретінін де білдік.

*Олар басқа-басқа, кеудеміздегі бүлк-
бүлк соғып тұрған нәзік жүрекке опера-
ция жасау аса қауіпті деп санайды. Иә,
бұл қорқыныш осыдан бірнеше ондаған
жыл бұрын шындық еді. Ал қазіргі таңда
жұдырықтай жүрекке жасалатын опера-
циялар күнде жасалатындықтан, ол
әдеттегі қалыпты хирургиялық оталар-
дың біріне айналып кеткені қашан.*

Осы орайда айта кетсем, euroSCORE
кардиохирургиялық оталардың тәуекел-
дерін бағалау шкаласы бойынша өте күр-
делі операциялар кезіндегі сәтсіз нәтиже
көрсеткіші бұрынғы 10%-ға тең болса,
бүгінгі күні ол 1%-дан да аспайды. Әрине,
операцияның жеңілі жоқ, кез келген ота



Емдеуші дәрігердің тағайындаула-
рын қатаң орындаған жағдайда, ша-
ғын инвазивті коронарлық шунт-
таудан және жүрекке жасалған
басқа да операциялардан кейін
пациенттер 5-ші күні бұрынғы-
дай жаяу жүріп серуендей
бастайды.

Сондай-ақ, 60 жастан
кейін жүрекке операция жаса-
ту қауіпті деген пікірлер де
бар. Жер бетіндегі адамдар-
дың орташа өмір сүру ұза-
қтығының артып келе жатқа-
нын ескерсек, 60 жастағы
және одан да асқан жандардың
өзінің әлі де сапалы өмір сүру
мүмкіндігі бар екенін білген аб-
зал.

Бүгінгі таңдағы медицинаға
дендеп енген заманауи аппараттар 80
жастағы қарияның жүрегіне де мини-
малды инвазивті әдіспен операция жасауға
жол ашып отыр. Менің тәжірибемде 80-
нен асқан пациенттер де болды. Бүгінгі
дамыған, көшілгері медицина көмекке
мұқтаж науқастың жасына шектеу қоймай-
ды. Бұл жердегі ең үлкен қауіп – па-
циенттің жүрек ақауымен қатар жүретін
кеселдері және нақты диагноз қойылған-
нан кейін оның операция жасауға тәуекел
ете алмай ұзақ ойланып жүріп қалуы. Ал
бұл жағдайда науқастың денсаулығы на-
шарлап, алтын уақытын босқа жоғалтып
алуы мүмкін. Бақытымызға қарай, қазіргі
заманғы тәжірибелі дәрігерлердің білім-
білігі мен тың әдіс-тәсілдерінің арқасында
бұл қиындықтарды да еңсеруге болады.

Президентіміз өз Жолдауын-
да: «Мен азаматтарымыздың
ертең емес, бүгін бақытты өмір
сүргенін қалаймын... Маған
елімнің амандығы мен жерімнің
тұтастығынан асқан ешбір құн-
дылық жоқ», – деді. Әлбетте,
бақытты өмір сүрудің басты шар-
ты – денсаулық! Халқымыздың
амандығы үшін елімізде денсау-
лық саласына айрықша көңіл
бөлініп отыр. Кардиохирург
ретінде мен пациенттерді өз ден-
саулығына ұқыпты қарауға, са-
лауатты өмір салтын ұстануға,
жаман әдеттерден арылуға, жос-
парлы медициналық тексеруден
уақытылы өтіп тұруға және дәрі-
герлерден көмек сұраудан
тартынбауға шақырамын. Ден-
саулық – басты құндылық!

қауіпті, оның артында адам өмірі тұрады.
Бірақ білікті, сауатты дайындық пен мед-
персоналдардың кәсіби шеберлігі кез кел-
ген сәтті отаның кепілі.

***Жүрек кеселіне шалдыққан пациен-
терді алаңдататын тағы бір қорқы-
ныш – ол отадан кейінгі ауырсыну
сезімі, ұзақ уақыт ауыр кезеңдерді бас-
тан өткеруі және мүгедек болып қал-
маймын ба деп уайымға салынуы. Бұл –
мүлдем қате түсінік!***

Иә, бұрынғы тәжірибеде кардиология-
лық операция кезінде кеуде қуысы (төс
сүйек) 25 см көлемге дейін тілінетін. Ал
пациенттің тез оңалып кете алмай, ұзақ
уақыт қиналыңқырап қалуы кеуде қуысы-
ның оңайшылықпен жалғана қоймауынан
болатын. Оның үстіне, бұл процесті қант
диабеті, остеопороз және семіздік сияқты
аурулары бар науқастардың жағдайы
қиындата түсетін. Ал қазіргі таңда опера-
циялардың негізгі бөлігі мүлдем басқа,
заманауи әдіспен жасалады, яғни оны ағза-
ға қабырғааралық шағын қолжетімділік
дейміз. Осының арқасында операциялар-
дың ұзақтығы едәуір қысқарған, ота кезін-
де жайсыздық пен ауырсыну сезімі аса
қатты болмайды, ал кеуде тұсын тілу кө-
лемі 5–10 сантиметрден аспайды. Әдетте,
жүрекке жасалған операциялардың көбін-
де пациенттер үшінші күні-ақ қалыпты
өмірге оралып, физикалық белсенділігі
қалпына келеді.

***Пациенттерді мазалайтын тағы бір
қорқыныш – операциядан кейінгі қалып-
қа келу кезеңі ұзақ болады деп алаңдайды.
Бұл түсінік те дұрыс емес!***

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Медицина саласын дамытуға қомақты
қаржы бөлінетіндігі және ол қаражат ин-
фрақұрылымға, маман даярлауға, халықты
дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмса-
латындығы бұл салаға тың серпін берері
сөзсіз. Президент Жолдауы аясында бүгін-
де елімізде денсаулық сақтау жүйесінің
сапалы қызметі мен тиімділігін нығайтуға
бағытталған бағдарламалар мен жүйелі
жоспарлар қабылданып, көптеген іс-шара-
лар қолға алынып жатыр.

Бүгінгі күні біздер мемлекет тарапы-
нан кәсіби саламызға көрсетіліп жатқан
қолдауды сезініп отырмыз. 2023 жылға
қарай дәрігерлердің жалақысы экономика-
дағы орташа жалақыдан екі есе артық бо-
латыны қуантады. Президент тұжырымда-
ғандай, барлық негізгі дәрі-дәрмектер мен
медициналық бұйымдар Қазақстанда
өндірілуге тиіс. Бұл расында да – ұлттық
қауіпсіздік мәселесі. «Денсаулық сақтау
ісінің тиімді моделін құру арқылы үш жыл
ішінде барлық ауылдық елдімекенді
фельдшерлік-акушерлік пункттермен және
дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз
ету қажет», – деген Мемлекет басшысы
Үкіметке медицина мекемелерін кадрлар-
мен қамтамасыз етуге арналған ұзақ
мерзімді болжам әзірлеуді тапсырғаны
белгілі.

Ендігі жерде Мемлекет басшысының
Жолдауында айтылған әр тапсырманың
жүйелі түрде жүзеге асуына атсалысып,
ұлт саулығы жолында сапалы қызмет
ету – медицина саласы қызметкерлерінің
басты міндеті болуы тиіс.

Ұлттық денсаулық сақтау саласын
одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар бар-
лық медицина мекемелерін қажетті құрал-
жабдықтармен толық жарақтандыруға,
науқастарға арналған орындар қорын 50



● ФОНТАН

СУБҰРҚАҚТАР кезең-кезеңімен іске қосылуда



(Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда Алматыда 63-і қала меншігіне, 65-і жекеменшікке тиесілі, барлығы 128 субұрқақ бар. Біле жүріңіздер, қаладағы субұрқақтар таңертеңгі сағат 09.00-ден түнгі сағат 23.00-ге дейін жұмыс істейді.

Шаһарда соңғы бес жыл ішінде 13 жаңа субұрқақ салынды. Жалпы, қаладағы фонтандардың басым көпшілігі 60–80-жылдары салынған. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары олардың техникалық жағынан дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Фонтандарды жөндеу, санитарлық тазарту мен тазалау жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

Қазіргі кезде ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы жанындағы және КБТУ ғимаратының артында орналасқан «Северный» саябағындағы фонтандарға жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры алдындағы фонтанның орталық тостағандарын ауыстыру әрі күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Әрбір фонтанда қауіпсіздікті сақтау мақсатында шомылуға болмайтыны туралы тақтайшалар орнатылған. Өйткені, олардың конструкцияларының ішінде электр, суасты жарықтандыру құрылғылары, суасты сорғылар мен т.б. жабдықтар бар.

● ФОРУМ

БАЛА БОЛАШАҒЫ МАҢЫЗДЫ

Алматыда «Ата-ана – ұлттың ұясы» атты республикалық форум өтті

«Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен аталмыш форумда бала құқығы, білімі, денсаулығы, қауіпсіздігі сияқты мәселелер қозғалды.

Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, қоғамның міндеті. Дәл осы қағиданы ұстанатын ауқымды басқосуға еліміздің түкпір-түкпірінен ата-аналар, қоғам қайраткерлерімен қоса, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дана Нұржігіт, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Саясат Нұрбек, Ләззат Рамазанова, Ирина Смирнова және Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұманов қатысты.

Форумның ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дана Нұржігіт қоғамда саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыруды мақсат еткен «Сенімен Болашақ» РҚБ жұмысына сәттілік тіледі. Өскелең ұрпақты еңбекке, ұлтшылдыққа тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді насихаттаудың маңызына тоқтала келіп: «Ата-аналар, саналы ұрпақты бірге тәрбиелеп, болашағымызды жарқын ету тек біздің қолымызда», – деді.

Шара барысында форумның басты қонағы белгілі педагог ғалым, гуманды педагогиканың негізін қалаушы академик Шалва Амонашвили баланың



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

жеке басын бағалау жүйесі туралы адамгершілік қатынасқа негізделген педагогикалық әдістеме-ұстанымдарын бөлісті.

Ал «Сенімен Болашақ» РҚБ-ның негізін қалаушы Нұркен Асанов бірлестікті құрудағы негізгі мақсатын тілге тиек етіп, ұйымның бүгінге дейін атқарған жұмыстарына тоқталды. «Біздің мақсат – әрбір ата-ананы жақсы орта тәрбиелеуге біріктіру. Бала мен ата-ана арасында тығыз әрі шынайы қарым-қатынас болса, ондай балаға қоғам әсер ете алмайды. Сондықтан әрбір ата-ана қоғамды жақсартуға үлес қосқан кезде ғана тәрбиелі орта қалыптасады», – деп атап өтті Нұркен Асанов.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Саясат Нұрбек «Жаңа мамандықтардың атласы» тақырыбында сөз қозғап, мамандықты дұрыс таңдау мен

еңбек нарығын түсіну туралы ойын бөлісті. Бала болашағы үшін маңызды шешімнің бірі – мамандық таңдау тақырыбында сөз қозғаған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты еңбек нарығында жаңадан пайда болатын және 5–10 жылдан кейін де сұранысын жоймайтын мамандық түрін айтты.

Шара барысында қоғамда ата-ана мәдениетін қалыптастыру, баланы жан-жақты дамыту үшін ата-ананың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, бала құқығы, білімі, денсаулығы, қауіпсіздігі сияқты мәселе қозғалды.

Пленарлық отырыстан кейін ата-аналар мен ұстаздар тренингтерге қатысып, бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, бала психологиясы тақырыбында дәрістер тыңдады.

● ШЫҢҒА ӨРЛЕУ

Ғасыр жасаған қайраткермен кездесу

Алматы қалалық «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының Жетісу аудандық бөлімінде көрнекті ғалым, философия ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, КСРО Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері Досмұхамбет Кішібековпен кездесу өтті.



Ғасырға жуық ғұмырында қазақ елінің басына келген нәубеттердің бәрінен аман өткен абыз ақсақалдың ұрпаққа айтар өнегелі естеліктері жетерлік. Әлеуметтік клубтың тәлімгері Гүлзия Саясатқызы соғыс және еңбек ардагерінің қайталанбас ғұмырнамасын тәрбиеленушілерге баяндады. Кездесу соңында Досмұхамбет Кішібеков клуб тәрбиеленушілеріне бата берді.

«Біздің халқымыз әлемдегі ең өміршең, ойшыл да озық халық. Олардың бүкіл дүниетанымы, салты, дәстүрі, ұстанымы, тыныс-тіршілігі – философия. Сендердің осындай клубта өздеріңнің әжесіңдеріңдей ұстаз-тәлімгерлерден тәлім алып жатқандарыңның өзі ұлттық сананың, ұлттық философияның жемісі», – деді ғалым.

● БАҒА

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ҚЫМБАТТАУЫ МҮМКІН

Биыл екінші жартыжылдықта Алматыда электр энергиясы үшін ай сайынғы төлем 200–300 теңгеге қымбаттауы мүмкін



Бұл тариф қала халқының пайдаланатын энергия көлеміне байланысты белгіленіп отыр. Аталмыш пилоттық жоба мегаполисте электр энергиясына тарифтерді саралауды кезең-кезеңімен қысқарту мақсатында жүзеге асырылмақ.

Өйткені, тұрмыстық тұтынушылар тарифтері заңды және бюджеттік тұтынушылар үшін жасанды өсу есебінен төмен бағамен есептеледі. Салдарынан жыл сайын елде шағын және орта бизнес өкілдері 31 миллиард теңге артық төлейді екен. Ал жоба іске қосылса, бюджет шығындарын қысқартып, бос қаражатты халықтың мұқтаж топтарына жұмсауға мүмкіндік береді.

– Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бірнеше жыл бойы тарифтерді саралауды кезең-кезеңмен қысқарту және алып тастау бағдарламасы көзделген. 2022 жылдың 2 наурызында ел Президенті энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөнінде өткен кеңесте бұл жұмысты пилоттық режимде 3 өңірде – Алматы, Батыс Қазақстан және Қостанай облысында бастауды тапсырды, – дейді ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин.

● МИБ

Тұрғындар белсенділік танытуда

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі заң күшіне енгелі біраз уақыт болды. Алып шаһарда бұл бағытта белсенді жұмыстар атқарылуда.

Бүгінде қала тұрғындары пәтер иелері кооперативтерінің орнына басқарудың жаңа тәртібіне етуге білек сыбана кірісіп кеткен. Бірқатар көпқабатты тұрғын үйлердің иелері арнайы мамандардан кеңес алып, МИБ немесе ЖС секілді өздері қалаған бірлестіктерді құру жұмыстарын жалғастыруда. Осы тұста естеріңізге сала кетейік, кеңес алу немесе мобильді топ өкілдерін жиналысқа шақыру үшін алматылықтар мына нөмірлер арқылы хабарласуына болады:

Тұрғын үй инспекциясының байланыс орталығы – 225-14-31;

Бостандық ауданы – Сейдалиев Ерұлан – 8 700 228 77 88;

Алматы ауданы – Айтанов Руслан – 8 771 400 66 66;

Жетісу ауданы – Қалдаров Нұрдаулет – 8 700 707 00 78;

Алатау ауданы – Әли Ғани – 8 777 823 30 71;

Наурызбай ауданы – Жаңбыров Фархад – 8 700 535 10 10;

Әуезов ауданы – Нұкебаев Еркін – 8 747 777 90 92;

Түркісіб ауданы – Қабдиев Бақтияр – 8 778 458 29 49;

Медеу ауданы – Тлекенов Ермек – 8 701 511 96 88.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Бір күнге ыстық су болмайды



Жетісу ауданының бірқатар ғимараты бір күнге ыстық судан ажыратылады.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің хабарлауынша, 2022 жылғы 19 мамырда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Жетісу ауданының Жұмабаев – Северное

кольцо – Павлодар – Палладина көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды.

Ведомствоның мәліметінше, шектеулер сорғы станциясын қайта құрылымдау кезеңінде тұтынушыларды ыстық сумен қамтамасыз ету үшін енгізіліген.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



НЕСИЕ

ЕСЕЛЕНГЕН ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕУ – МІНДЕТ

Қарыз азаймай, жағдай жақсармайды. Иә, бүгінде екінші бірінің банкте қарызы бары рас. Несиеден несие алып, қарызды қарызбен жапқан көпшілігі үшін бұл, тіпті, үйреншікті жағдайға айналған.

Ресми мәліметтерге сүйенер болсақ, былтыр жалпы 9 трлн теңгеге жуық бөлшек несие берілген. Ол 2020 жылмен салыстырғанда 83,6 пайызға, яғни 4,4 трлн теңгеге көп. 25 млн-нан аса келісім-шарт жасалып, борышкерлер саны 6,16 млн адамға жеткен. Өңірлер арасындағы займдардың көшін Алматы қаласы бастап тұр. Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы мен Түркістан облыстарында да несие көп рәсімделген. Яғни елдегі бүкіл қарыздың 44 пайызы осы 4 аймаққа тиесілі екен. Ал биыл несие рәсімдеушілердің саны 66 пайызға артқан.

Банктің берген несиесі – қарызға алынған қаражат екенін естен шығармаған жөн. Несие

алмас бұрын әр банктің шарттары мен ұсыныстарын зерттеп барып тиімдісін рәсімдеу керек. Қаржы сарапшыларының кеңесі осыған саяды.

Несие алуын алып, қарызды уақытында қайтара алмай, келеңсіздікке тап болатын жағдайларды жиі естиміз. Себебі, қарызды қайтарудан гөрі алу жолы оңай әрі жеңіл.

«Азаматтар құқықтық сауаттың жоқтығынан өздері алған борышты Заңға сүйеніп қайтару жолын білмейді», – дейді заңгер Меруерт Мұқажанова. Несие төңірегінде сізге беймәлім немесе түсініксіз жайттарға жауап табуыңыз бек мүмкін. Маман кеңесін оқи отырыңыз!



Меруерт МҰҚАЖАНОВА,
заңгер:

Несие – жаңа ғасыр нәубеті

Қазір қоғамда несие, қарыз мәселесі азаматтарды қиын жағдайға қалдырған жаңа ғасырдың нәубеттерінің біріне айналып отыр. Бұл мәселе 2019 жылдан бастап белен алды. Әсіресе, микроқаржылық ұйымдардан алынған қарыз көбейді. Микроқаржылық ұйымдар туралы заң 2007 жылы бекітілгенімен, 2019 жылға дейін несие беретін бұл ұйымдар туралы айтарлықтай мәселе болмады. Тек сол жылдан бастап елдегі эпидемиалға, азаматтардың жұмыссыз қалуына байланысты көбі көшеде тұратын сенімсіз терминалдардың өзінен несие алып бастады. Өкінішке қарай, микроқаржылық ұйымдардың сыйақылары заңға қайшы. Заңда ең көп үстеме төлем 56 пайыз болатын болса, қаржылық ұйымдар заңды сақтамай, 100, 200 пайызға дейін көтереді. Әрі микроқаржылық ұйымдардың көбінде лицензия жоқ. 2021 жылдан бастап оларға лицензия алу талабы қойылды. Егер азаматтар микроқаржылық ұйымнан қарыз алып, бірақ ұйымның лицензиясы бар-жоғын білмесе негізгі қарызды ғана қайтаруға құқығы бар.

Заңгерлік кеңес сұрап келетін азаматтардың 80 пайызының есепшоттары бұғатталған. Яғни олардың несие қарыз істері бойынша нотариалдық атқару жазба және сот шешімі шығып, сот орындаушылары олардың шоттарына, нотариалдық әрекеттеріне, шет елге шығу құқығына тыйым салған.

Сот үкімі мен шешімі екі бөлек нәрсе

Көпшілігі несиедегі қарыз бойынша ескертуден үйлеріне келген нотариалдық атқарушылық жазбаның, сот шешімі мен сот үкімінің маңызын түсінбей жатады. Мысалы, соттан шешім немесе сотқа шақырту туралы хабарлама келсе азаматтар қорқып жатады. «Соттайды» деп ойлайды. Сондықтан ұялы телефондарын көтермей, несие төлеуден қашып жүреді. Сот үкімі тек қылмыстық сот ісі, шешім азаматтық істер бойынша шығарылады. Сондықтан соттан келген шешім – үкім емес. Сот үкімін орындауға міндетті, ал сот шешімінің күшін жоюға болады.

Ал нотариалдық атқарушылық жазбаға басқаша қарайды. Ол соттан емес нотариустан келгеннен кейін жазбаға атүсті қарап, мән бермейді. Нотариус берген жазбаның күші 10 күннің ішінде борышкердің тарапынан наразылық болған жағдайда оның күші жойылады. Азаматтар нотариустан келген атқарушылық жазбаның күшін жою үшін наразылық жазбайды да, атқарушылық жазба



күшіне еніп, борышкердің шотына бұғаттама қойылады.

Борышкердің қарызы заң бойынша 150 мың теңгеден асса, шетелге шығуға тыйым салынады. Шоттарына бұғат қойылған, қойылмағанын, қай тараптан қойылғанын қай жерден ақпарат алуды білмейді. Әділет министрлігінің ресми сайтында өзінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) арқылы қандай, қай жерде қарызы барын біле алады.

Несиедегі қарызда ең өзекті мәселе – есепшотты бұғаттау деп есептеймін. Қарызын төлейін десе, шот бұғатта тұрады. Бірақ шотта қарызды төлейтін қаржы бар болады немесе еңбекақысы сол шотқа түседі. Заңгерлерге жүгінетіндердің денін осы сұрақ мазалайды. Жеке басым көмек сұрап келетін жағдайлардың 80 пайызы осы тектес сұрақтар.

Коллектордан қорқудың қажеті жоқ

Екінші мәселе – коллекторлардың борышкерлерге деген қарым-қатынасы. Бүгінде аталмыш мамандар заңсыз әрекетке жиі барады. Олар әбден шектен шыққан. Коллекторлық қызмет туралы заңдағы ережелерге сәйкес коллекторлар борышкер қарыз алған кезде өзі көрсетпеген үшінші тұлғаларға хабарласуға құқығы жоқ. Борышкер несие немесе микроқаржылық ұйымнан қарыз алғанда 2 тұлғаның (туысы, танысы) нөмірін береді. Коллекторлар сол 2 тұлғаға хабарласа болады. Бірақ олар ол 2 тұлғадан бөлек үшінші тұлғаларды тауып алады да жиі хабарласып, жөнсіз мазалайды. Заңда үшінші тараптардың

ішінде әсіресе, жұмыс берушілерге мүлдем хабарласуға қақысы жоқ деп анық көрсетілген. Коллекторлар бұл заңды елемей, борышкер жұмыс істейтін жерге дейін хабарласады. Тұлғаның қарызы туралы ақпарат – конституциялық жеке дербес ақпарат болып саналады. Азаматтың несиесі барын үшінші тарапқа айтқаны үшін коллектор жауапқа тартылуы керек.

Коллекторлық қызмет туралы заңда Коллекторлар хабарласқан кезде жазбалары аудио нұсқада жазылу керек екендігі көрсетілген. Коллектор хабарласса өзінің аты-жөнін, коллекторлық компанияның атын, банктер немесе микроқаржылық ұйым коллекторлық компанияға осы істі берген кездегі жасалған келісімнің көшірмесін борышкерге беруге тиіс.

Екіншіден, коллекторлардың борышкермен қарым-қатынасы өте нашар. Адам есебіне алмай, ауыздарына келгенін айтады. Түрлі балағат сөздер жазып, олардың қадір-қасиетіне қол сұғады. Мұның бәрі құқықтық сауатқа келіп тіреледі. Соттан келген қағаздан, коллектордың сөздерінен қорқады. Сот орындаушының кім екенін білмейтіндер де бар. Коллекторды банк қызметкері немесе соттағы қызметкер деп ойлайды.

ҚР Азаматтық кодекстің 725-1 бабына сәйкес, алған қарыз қанша жылда қаншаға еселенсе де 100 пайыздан аспайды. Мәселен, борышкер 1 млн теңге қарыз алса, оның үстеме төлемімен бірге негізгі қарызды қоса алғанда, барлығы 2 млн-нан аспауға тиіс. Ал микроқаржылық ұйымдар борышкерлердің қарызынан бірнеше есе пайда көреді. Бұл – заңсыз.

ТЕРГЕУ

ЕСІРТКІ ҮЙІ ЖОЙЫЛДЫ

Шаһардың тұрғын алабындағы есірткі үйін 48 жастағы әйел басқарған. Жәдел уәкілдердің мәліметінше, ол нашақорларды өзінің «Жетісу» ықшамауданындағы пәтеріне жинап қана қоймай, оларға есірткі, оның ішінде синтетикалық препараттарды да жеткізіп беріп отырған.



қолдануға арналған басқа да құрал-жабдықтар табылды және процесуалдық тәртіпте тәркіленді.

Сонымен қатар, арнайы іс-шара кезеңінде В. есімді азаматшаның қылмыстық әрекеті ресми түрде құжатталған: ұсталғанға дейін аз уақыт бұрын әйел өз клиенттерінің біріне психотроптық зат сатқан», – деді Алматы қалалық ПД есірткі қылмысына қарсы күрес Басқармасы бастығының орынбасары, полиция

полковнигі Сағындық Аяғанов. Баяндамашының айтуынша, қылмыстық іс бірден Қылмыстық кодекстің екі бабы: ҚР ҚК 297-бабы 2-бөлігі (есірткі, психотроптық заттарды заңсыз сақтау және өткізу дерегі бойынша) және ҚР ҚК-нің 302-бабы 1-бөлігі (есірткі үйін ұйымдастыру дерегі бойынша) тергелуде. В. есімді азаматша қамауға алынды.

МОНИТОРИНГ

Алматыда танымал брендтердің атын жамылып, жалған автокөлік бөлшектерін сатумен айналысқан топ анықталды. Бұл туралы Қаржылық мониторинг агенттігінің баспасөз қызметі хабарлап отыр.

ЖАЛҒАН АВТОКӨЛІК БӨЛШЕКТЕРІ ҚОЙМАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жүргізілген жедел іс-шаралар барысында жалпы сомасы 1,8 млрд теңгеден астам сомаға «Тойота», «Хендэ», «Хонда» сауда белгілерімен жалған автобөлшектер қоймасы жойылды, делінген хабарламада.

Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті қалалық прокуратураның координациясымен жоғарыда аталған тұлғаларға қатысты сотқа дейінгі тергеуді аяқтады. Анықталғандай, контрафактілік қосалқы бөлшектер фирмалық қораптарға салынып, кейін Қазақстанның көлік базарларына таратылған.

Жалпы, тергеу шараларының қорытындысы бойынша 106 мыңға жуық жалған автокөлік бөлшектері тәркіленді. Қазір іс сотта қаралып жатыр.



Қаржылық мониторинг агенттігі тауар таңбаларының заңсыз пайдаланылуын анықтау және адал бизнесті қорғау бойынша жұмысты жалғастырып жатыр.

Бетті дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.



СУРДЛИМПИАДА

ЖҮЛДЕГЕ ТОЛЫ ЖАРЫС




Оңтүстік Америка құрлығында өткен Сурдлимпиадада біздің спортшыларымыз үшін өте сәтті болды дей аламыз. Жалпы, жүлделерді санағанда 29 медальді еншіледік.

Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында екі аптаға жалғасқан XXIV Жазғы Сурдлимпиада ойындары өз мәресіне жетті. Әр төрт

жыл сайын ұйымдастырылатын биылғы додада қазақстандық спортшылар 4 алтын, 7 күміс, 18 қола медаль жеңіп алды.

СПОРТТЫҚ ШАРА



Балалар жылы 2022

«МИНИСТР КУБОГЫ» САЙЫСЫ

Елімізде көптен күткен спорттық шараның шымылдығы түрілгелі тұр. Сарапшылар бұл жолғы жарыстың ауқымы бұрынғыдан өзгереді болатынына бек сенімді. Сөйтіп, кіл мықтылар атой салады деген ойда. Алғашқы рет ұйымдастырылып отырған бәсекеден жаңа есімдер анықталмақ.

Балалар жылы аясында ұйымдастырылып жатқан кешенді бәсеке балалар мен жасөспірімдер арасында спортты насихаттауға бағытталған. Министр кубогының бүгінгі қатысушылары ертеңгі ел спортының ту ұстаушылары болулары әбден мүмкін.

Дәлірек, 22–24 мамыр күндері Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Уш-кемпіров атындағы жекпе-жек сарайында алғаш рет ұйымдастырылған Мәдениет және спорт министрі кубогының жартылай финалы мен финал бәсекелері өтеді.

А тобының жеңімпазы мен С тобының үздігі, ал В тобының мықтысы мен D тобының жеңімпазы финалда берілер жолдама үшін таласпақ. Олар: К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі (Алматы) – Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі (Қызылорда обл); Қ.Мұңайтпасұлы атындағы олимпиада резервінің республикалық маман-

дандырылған мектеп-интернат-колледжі (Нұр-Сұлтан) – Ә.Молдағұлова атындағы спорт интернаты (Қарағанды обл).

Аталған оқу орындарының 2006–2007 жылы дүниеге келген шәкірттері бокс, дзюдо, грек-рим және еркін күрестен шеберлік байқасады. Мамырдың басында өткен топтық кезеңге барлығы 17 команда қатысты. Олар Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе мен Тараз қалаларында үздікті анықтады.

Айта кетейік, Мәдениет және спорт министрінің кубогы биыл алғаш рет өтіп жатыр. Министр кубогының жалпы жүлде қоры 10 миллион теңге. 1-орын алған командаға – 5 млн, 2-орынға – 3 млн, 3-орынға 2 млн теңге беріледі. Бұдан бөлек, төрешілер бокстан – «Үздік техникасы үшін», еркін күрестен – «Жеңіске деген ерік-жігері үшін», дзюдодан – «Үздік әдіс үшін», грек-рим күресінен «Көрермендердің көзайымы үшін» аталымдарында жеңімпазды анықтайды.

ХОККЕЙ

ХОККЕЙШІЛЕРІМІЗ ЕСЕ ЖІБЕРДІ

Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы Швейцариядан жеңілді. Сөйтіп, есеп басын теңестіруге де мұрша келмей қалды.

Хоккейден Қазақстан құрамасы 2022 жылғы әлем чемпионаты аясындағы үшінші кездесуін өткізді.

Юрий Михайлис шәкірттерінің кезекті қарсыласы Швейцария құрамасы болды. Бұл ойында Қазақстан

хоккейшілері 2:3 есебімен жеңіліп қалды. Айта кетейік, бұл Қазақстан құрамасының осы чемпионаттағы үшінші жеңілісі. Бұған дейін олар Дания (9:1) және Франциядан (2:1) жеңілген еді.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Азия чемпионы Алуа Балқыбекова 48 келіге дейінгі салмақта жартылай финалда болгариялық Севда Асановамен қолғап түйістірді. Алуа бірінші раундта қарсыласын ауыр соққылардың астына алып, нокаутқа жіберді. Енді Алуа Балқыбекова финалда түркиялық Айсе Чагирермен алтын жүлдені сарапқа салады.

ГИМНАСТИКА

Көркем гимнастикадан топтық жаттығулар бойынша Жапония құрама командасы Қазақстанға тәжірибе алмасу үшін келді.

БІРЛЕСКЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Жапониялық гимнасттар Қазақстан құрамасымен бір апта бірлескен оқу-жаттығу жиындарын өткізеді. Аталған жаттығу жиынының мақсаты – екіжақты тәжірибе алмасу және достық қарым-қатынасты нығайту. Айта кетерлігі, дайындық жұмыстарының сапалы да тиімді болуы мақсатында бұл жиын біздің жаттықтырушы Инна Валентиновна Быстрованың жетекшілігімен өтеді.



ДЗЮДО

КІЛ МЫҚТЫҒА ЖҮЙРІК ЖЕТПЕС

Қазақстанда белгілі қоғам қайраткерлерін еске алу, оның құрметіне спорттық іс-шара ұйымдастыру жни өтеді. Бұл жолғы жарыс Алматы төрінде ұйымдастырылды. Балуан Шолақ спорт сарайында өткізілген бәсекеде АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстанның балуандары бақ сынады.

Азия кубогы сарапқа салынып, белдескеннің белін үзер балуандар топ жарды. Аталған жарыс белгілі қоғам қайраткері, қазақтың Атымтай жомарты Бекет Махмұтовты еске алуға арналды. Осы жарыс қарсаңында IJF мамандарының қатысуымен төрешілерге арналған халықаралық семинар өткенін де айта кеткен абзал. Оған Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) спорт директоры Даниэль Ласкау, даңқты балуан, Олимпиаданың күміс жүлдегері Армен Багдасаров, IJF төрешілер комиссиясының хатшысы Хюрлия Паскуале және Қазақстан дзюдо федерациясы президентінің міндетін атқарушы Асхат Жіткеев жетекшілік етті. Аталған шараға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Жапония, Гонконг, Кувейт, Иран, Сауд Арабиясы, Германия, АҚШ, Италия, Әзербайжан, Түркіменстан, Моңғолия және Тайпейден 70 төреші қатысты.

Жарыстың өзіне келер болсақ, бұл жарыста өзбекстандық балуандар өздерінің мықтылығын түбегейлі мойындады. Әсіресе, жастар арасында сарапқа салынған бас жүлденің жетеуін де солар иемденді. Ең өкініштісі, финалда өзбек пен қазақ балуандары бес мәрте кездесті. Сол бәсекелердің барлығында да көршілеріміз жеңіске жетті. Атап айтсақ, Қожиакпар Тошев (73 келі) Бекнұр Тәнірбергенді тізе бүктірді. Мейірлан Максим (81 келі) Шахзод Шәріповті «вазари» әдісімен ұтып жатып, өзі «иппонға» түсіп қалды. Толқынбек Түрдиев (90 келі) пен Мұхаммедәлі Мавлидов арасындағы тартыстың тағдырын «шидо» шешті. Үш ескерту алған жерлесіміз бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Мұхаммадқадыр Мансұровқа (100 келі) Дамир Ахетті жеңу үшін небәрі 22 секунд жеткілікті болды. Исламбек Равшанқұлов (+100 келі) пен Қайратбек Сәбиттің де айқасы ұзаққа созылмады. Бәсекенің басталғанына бір минуттан сәл асқанда Исламбек Сәбиттің аяғын көктем келтірді.



Бүгінгі таңда жастар буыны арасында бақ сынап жүрген жігіттеріміздің барлығы да ертеңгі күні ересектер дуына қосылып, аса ірі халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайды. Өкінішке қарай, Алматыдағы жарыс олардың әлі де «шикі» екендіктерін байқатты. Өз елімізде, өз жерімізде, өз жанкүйерлеріміздің көз алдында тегістей ұтылсақ, шет мемлекеттерде өтетін дүбірлі додаларда даралана алмайтынымыз айдан анық. Тіпті, күрестің бұл түрінен күресінде қалып қоюымыз да әбден мүмкін. Қазіргі қарқын, бүгінгі екпінмен ұзаққа бара алмаймыз. Сондықтан да бұл жағдай республикалық федерацияның тізгінін ұстаған азаматтар мен еліміздің білікті бапкерлеріне ой салуға тиіс. Олар осы сәтсіздіктен сабақ алып, кемшілікті түзеп, олқылықтың орнын толтыру үшін дереу іске кірісулері керек.

Жігіттерге қарағанда қыздарымыз тәуір күресті. Олар бас жүлденің төртеуіне иелік етті. Екі финал өз балуандарымыздың арасында өтті. 52 келі салмақта Аружан Ережепова Балнұр Әбдешовамен шеберлік байқасты. Бұл тартыс алғашқысының пайдасына шешілді. 63 келі салмақта Есмигүл Куюлова мен Гүлнұр Баханова белдесті. Бұл бәсекеде Есмигүлдің басымдығы еш күмән туғызған жоқ. Ол 1 минуттан сәл асқанда қарсыласын таза жеңді.

70 келі салмақтағы Роза Нысантайқызы мен Шахло Егамберганава арасындағы кездесуде өзбек дзюдошысы қатарынан үш ескерту алып, жарыс жолынан шығып қалды. Аса ауыр салмақтағы айқас Аида Тойшыбекованың айқын жеңісімен аяқталды. Ол Ташкенттің төл тумасы Фатима Құрамбоеваны алып ұрып, қос жауырынымен жерге қадады. Бұл бәсеке бар-жоғы 15 секундқа созылды. Сондай-ақ, өзбекстандық Фатимахон Тұрсынбоева (48 келі) мен Шырынжон Юлдашева (78 келі)

және түркіменстандық Майса Пардаева (57 келі) жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Жасөспірімдер арасындағы жарыстың да нәтижесіне көңіліміз толды деп айта алмаймыз. Қыздардың сайысында Ләзиза Хайдарова (40 келі), Үмітхон Бур-ханжонова (44 келі), Севинч Муродова (48 келі), Сугдиона Рафкатова (52 келі), Әселхан Аралбаева (57 келі), Ләйләхон Юлдашева (63 келі), Туйгүл Хамероева (70 келі) және Севинш Тұрақұлова (+70 келі) алтыннан алқа тақты. Бұл спортшылардың барлығы да – Өзбекстаннан. Бізге де, басқаларға да бірде-бір бас жүлде бұйырмады.

Ұлдардың бәсекесінде жерлестеріміз үш рет дара шықты. Бұл жолы Бекболсын Жолымбек (55 келі), Нұрлыбек Арғынбек (66 келі) және Егор Раков (81 келі) жергілікті жанкүйерлерді бір желпініп тастады. Әсіресе, біз Егордың табысына ерекше шаттандық. Өйткені, Раковтардың отбасын Қазақстан жұрты жақсы біледі. Отағасы – Сергей Капитонович кезінде КСРО халықтары спартакиадасы мен КСРО чемпионатында атой салған. Кейіннен бапкерлікке бет бұрды. Ұлы – Максим әлем және құрлық чемпионы, әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия ойындарының үш дүркін жүлдегері. Сергейдің тағы екі перзенті жаттықтырушылық қызметте. Финалда үйдің кенжесі – Егор Раков өзінің командалық әріптесі, Қарағанды дзюдо мектебінің тағы бір түлегі Аскар Біржановтан басым түсті.

Сондай-ақ, Бекет Махмұтовты еске алуға арналған турнирде түркіменстандық Мекан Рамазанов (50 келі), өзбекстандық Фаррух Хамдамов (60 келі), Самариддин Мұхсимиддионов (73 келі), Фаррух Мадаратов (90 келі) және қырғызстандық Емірхан Жолдашказиев (+90 келі) жеңімпаз атанды.

**Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ



«Алматы – жүрегімде»



Қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты А.П.Чехов атындағы кітапханада белгілі сазгер Құрасбек Байтоқаевтың «Алматы – жүрегімде» атты шығармашылық кеші өтті. Кеште өнер иесінің жаңа әндерінің тұсауы кесіліп, тыңдармандарына жол тартты.

Кезінде талантты жастың өнер жолын таңдауына атақты «Дос-Мұқасанның» өнері мен орындаған әндері ықпал етсе керек. Жүрегін ән кернеген жас жігіт «политехта» оқып жүрген кезінде алғашқы әндерін жазып, «Темірлан вальс» әнімен таныла бастайды. Сөз арасында өнер иесі өзінің шығармашылыққа бет бұруын ең алдымен ару Алматымен байланыстыратынын жасырмады.

– Менің өнерге келуіме, әсем әндерді жазуыма себепші болған, жастығымның куәсі – Алматы дер едім. Қаншама әнгер жазсам да Алматы туралы жазылған әндерімді жүрегіме жақын тартып тұрамын, – дейді Құрасбек Байтоқаев.

Кездесу барысында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1-курс студенттері мен №33 мектеп-лицейінің оқушылары өнер иесінің шығармашылығына байланысты өз сауалдарын жолдап, белсенділік танытты. Медеу аудандық мәдениет бөлімінің бас маманы Жәния Күлкімбаева жайдары жаз алдында жақсы әндерімен көңіл күй сыйлағаны үшін өнер иесіне деген барша оқырмандардың алғысын жеткізді.

Шабытты шарықтаған өнер иесі қазіргі кезде Әкім Ысқақ, Әмзе Қалмырзаев, Әнуарбек Әуелбек, Зияда Исатайқызы, Серікбай Бердияров, Аманбек Ақайұлы, Жұпаркүл Бекшорасева, тағы да басқа ақындармен шығармашылық байланыста болса, соңғы жылдары жазылған жаңа әндерін Қайрат пен Жұлдыз, Айжан мен Нұрслам, Г.Нұрпейісова, Б.Сабыр сынды өнерпаздар кеңінен орындап жүр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАҢА ФОРУМ БАСТАЛДЫ

Алматының прогрессивті қыз-келіншектері цифрландыруды алға жылжыту үшін күш жұмылдырды



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш форумды Алматы қалалық әкімшілігі мен Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті ұйымдастырды. Алғашқы сөз кезегін қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова алып, барша форумға қатысушыларды құттықтады.

Бүгін біздің қаламызға еліміздің цифрландыру саласына өз үлестерін қосып жүрген, нағыз жаңаша ойлайтын, жаңа технологияны жетік меңгерген қыз-келіншектер жиналып отыр. «Techno Women Almaty» форумын өткізудегі басты мақсатымыз – технология саласында жұмыс істеп жүрген қыз-келіншектердің басын қосып, олардың атқарып жүрген жұмыстарын елге таныту. Сонымен қатар, біз Алматыда қала тұрғындары мен қонақтарына арналған жайлы және ыңғайлы жаңа шешімдерді жүзеге асыратын прогрессивті әйелдер қауымдастығын құруды жоспарлап отырмыз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Өткізіліп отырған форумның мақсаты – айқын, міндеті – күрделі. Өйткені, бұл қадам «TECHNO WOMEN ALMATY: ALMATY – DIGITAL HEART» – қазақстандықтардың жаңа идеялар мен жобаларды ұсынатын қызықты және маңызды ойлардың алаңына айналмақшы.

Сонымен қатар, «TECHNO WOMEN» қауымдастығы құрылып, EduTech, FinTech, GovTech, HealthTech Digital, New Media және басқа да салалардағы компанияларда жұмыс істеп, шағын және орта бизнесіне цифрлық қызметтер мен технологиялық стартаптарды дамытып жүрген қыз-келіншектердің басын біріктірді. Форумға қатысушылар қыз-келіншектердің цифрлық экономика мен технологиялық салаларға қатысу мүмкіндіктері туралы айта келе, IT жобалармен таныстырды. Сондай-ақ, қыз балаларды бағдарлау мен жаңа цифрлық дағдыларға үйрететін жаңа бағдарламаларды ұсынды. Форумға қатысушы қонақтардың жаңа технологиялардың көмегі арқылы экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтіп, қаржылық тәуелсіздікке ие болудың жолдары жайлы айтқан ой-пікірлері көпшіліктің көңілінен шықты.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ПІКІР

Раиса ҚАБИЕВА,
Автоматика және ақпараттық технологиялар университетінің директоры, профессор:

– Өтіп жатқан форум барысында біз өте күрделі сауалдардың жауабын табамыз деп ойлаймын. Өзгеріске толы заманда әйел-аналар, қыз-келіншектер қоғамнан өз орындарын таба ала ма? Гендерлік теңдік қалай болып жатыр деген сияқты сауалдардың жауабы деуге болады. Біз, жалпы, табиғатымыздан ер адамның, әйел адамдардың жұмысы деп бөліп қарайтынымыз жасырын емес. Сондықтан қазіргі техникаларды бағындыру үшін қыздарымыздың мектептен бастап, отбасында көзқарасын өзгертуіміз керек. Өз басым өмір бойы осы оқу ордасында еңбек етіп келе жатырмын ғой. Бір кездері аудиторияларда қыздар өте аз болатын. Қазіргі кезде техникалық мамандықты таңдайтын қыздарымыз көбейді. Өйткені, жаңа технологиялар заманында көзқарастар да өзгерген. Форумға әртүрлі компаниялар өкілдерін шақырдық. Ондағы ойымыз қыз балалардың да бұл салаға бейім екенін таныту.

Бұл ретте BTS Education электронды коммерция мектебі мен жоғары технологиялар саласындағы қыздардың кәсіби біліктілігін арттыруға арналған мониторинг бағдарламасы сияқты тегін жобалар бар. Сонымен қатар, «TECHNO WOMEN» қауымдастығы экономика салаларында ауқымды цифрландыру үрдістерін жүргізу үшін әйел цифрлық офицерлерді дайындауды жоспарлап отыр. Жалпы, «TECHNO WOMEN» қауымдастығы технологиялық салаларда қыз-келіншектер бетпе-бет келетін гендерлік

дискриминация мәселелерін зерттеп, технологиялық компаниялар үшін арнайы сараптама жасауды ұсынып отыр. «TECHNO WOMEN» қауымдастығы қыз балалар мен олардың ата-аналарының STEM пәндеріне қызығушылығын арттырып, ынталандыру үшін мектептен бастап түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігіне баса мән берді. Жақын күндері Астана Хабпен бірлесе отырып, қыз-келіншектердің IT стартаптары бойынша жаңа бірлескен бағдарлама ашылатын болды.

БЖЗҚ

Зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік бар



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қазақстанда зейнетақы төлемдерін алуға құқық басталған кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген сомалар мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ, МКЗЖ) түрлерінің сақталуына мемлекеттік кепілдіктің бірегей моделі жұмыс істейді.

Бұл туралы БЖЗҚ мамандары айтып отыр. Нақтырақ айтқанда, адам зейнетке шыққан кезде жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысудың бүкіл кезеңіндегі инфляция ескеріле отырып, оның зейнетақы шотындағы кірістілік есептеледі.

Айталық, зейнетақы жүйесіне қатысу-



шының міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 5 000 000 теңге. Зейнет жасына жеткен сәттегі инфляцияны ескергенде бұл 6 000 000 теңге.

Егер инвестициялық кірісті ескере отырып, жинақ сомасы 6 000 000 теңгеден асатын болса, онда бұл жағдайда кепілдік өтем берілмейді.

Егер инвестициялық табысты есепке алғандағы жинақ сомасы 6 000 000 теңгеден кем болса, мәселен 5 900 000 теңге, мұндай салымшы 100 000 теңге мөлшерінде кепілдік өтем алады.

Зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компаниялардың басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен алмастырылады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін, төлем алуға құжаттар ресімдеуді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Тәуекел түбі – желқайық...

Алматы тұрғыны Бауыржан Тілейхан «Almaty Business–2025» кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық бағдарламасының жемісін көруде.



Нақтылай айтсақ, «ешкімге алақан жаймай, өз бетімше кәсіп ашып, жұмыс істеп көрейін» деп талаптанған оған жиһаз цехын ашуға 3 жыл мерзімге жылдық 6%-бен 20 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді.

Отбасылық шағын кәсіпорын қаланың Алатау ауданында орналасқан. Онда асуій, жатын бөлме және балалар жиһаздары өндіріледі. Бүгінгі таңда цехта 4 адам жұмыс істейді. Аяғынан енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан жеке кәсіпкер ағаш кесуші, жиһаз жинаушы және жүк тасушыға айлық беріп отыр. Өндіріс үшін шикізат Ресейден жеткізіледі, ал керек-жарақтар жергілікті жерден алынады.

Жиһаз кәсібімен Бауыржан алғаш рет 2004 жылы айналысқан. Бірақ ол өзге мемлекеттерден дайын жиһаздар әкеліп сатқан болатын. Өз елінің үкіметі жеке кәсіп ашамын деген жандарға жеңілдетілген несиенен қаржылық қолдау көрсетіп жатқанда, Бауыржан да тәуекел деп, осы істі бастап кеткен болатын. Өзіндікіне не жетсін!

– Біз көтерме бағамен сатамыз. Жиһазымыз сапалы. Сондықтан бір маусымда 250-ден астам тапсырыс болады. Жиһазды Қазақстан аймақтарына жібереміз. Мемлекет тарапынан ұсынылып отырған жеңілдетілген несие бізге жақсы көмек болды, оны төлеу оңай, ал төмен пайыздық мөлшерлемені ескеретін болсақ, артық төлем де аз. Осы орайда «Qolday» кәсіпкерлік орталығының кеңесшілеріне бизнес-жобамды қолдап, жол көрсеткені үшін алғысымды білдіремін, – дейді кәсіпкер.

Қазір жиһаздар жасайтын негізгі жабдықтары жалға алынған бөлмеде орналасқан. Ал бұл тауардың өзіндік құнына әсер етпей қоймайды. Сондықтан Бауыржан Тілейхан жер телімін алып, оған цех салуды да көздеп отыр.

Нұр-ЖАМАЛ.



МУРАЛ

Мегаполистің орталығында аналарға арналған мурал пайда болды. Ол – Қабанбай батыр, 71-үй мекен-жайындағы үйге салынды. Қабырға суретіне тамсанған тұрғындар суретшілерге ерекше алғысын білдірді.

АНАҒА
АЛҒЫС

Алматылық екі танымал суретші Жұмаділ Елеукунов пен Рауан Нүсіп үйдің қабырғасына сурет салумен айналысады. Бұл – олардың кезекті туындысы. Жұмаділ – Алматыдағы COVID-19 күрескерлеріне арналған алғашқы қабырға суретінің авторы. Оның туындысына Құрманғазы мен Шәріпов көшелерінің қиылысында тамсануға болады. Жұмаділдің анасы қалада дәрігер қызметін атқарады. Анасы мен әріптестерінің ерлігін көріп, шабыт алғанын айтады.

Сондай-ақ, жас қазақстандық суретшінің туындылары елімізде ғана емес, шетелде де танымал. Мысалы, ол танымал американдық рэпер Дрейкпен жұмыс істеген.

Алматылық Рауан Нүсіп те белгілі суретші. Оның шығармаларының ішіндегі танымал туындысын әл-Фараби даңғылының бойында Мендіқұлов пен Достық көшесінің қиылысында орналасқан тұрғын үй қабырғасынан көруге болады.

Қабырға суретіне тамсанған мегаполис тұрғындары да оны бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіде танымал болуына ықпалдарын тигізді.

САХНА

АЛАШТЫҢ АСАНӘЛІСІ
ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Асанәлі Әшімовтің 85 жылдық мерейтойына арналған «Өнерім – өмірім» атты интерактивті спектакльге келген халық сахна саңлағын құрмет-қошеметпен қарсы алды. Қойылым интерактивті форматта, яғни сұхбат түрінде ұйымдастырылған. Көрермен толғандырған сұрағын актерге тікелей сахнада қоюға мүмкіндік алды.

«Асеекңнің өзінің өтініші бойынша халықпен сұхбаттасам, өзімнің тәжірибем туралы, жасаған әрбір рөлдерімдегі қиналған кездерім туралы ортаға ой тастап, бөліссем деген ниетінен туындап отыр. Бұл негізінен солай болуы керек. Тәжірибемізді арттағы ұрпаққа беріп кетпесек, оның қандай пайдасы бар», – деді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының режиссері Әубәкір Рахимов.

«Адам атаққа масаттанып ұшып кетпеуі үшін артында қорғасын болуы керек. Менің ұстаздарым осылай үйретті» деген актер жас буынға сахнадағы алғашқы қадамынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі өмір жолында түйген үзік сырларын ақтарды. Көзі көрген тау тұлғалар жайлы естеліктерін әңгімелейді. Ұстаздарына бас иген ол бүгінде өзі де талай шәкірт тәрбиелеп келеді.

«Асанәлі ағаға еліктейтін, білгісі, көргісі келетін қаншама жастар бар. Солардың барлығына таптырмайтын спектакль. Тау тұлғамен тікелей сахнада сұхбаттасу қайталанба бермейді. Мен Асанәлі ағамыздың қасында жүр-

сем де, көп сұрағым бар. Үнемі қойып жүремін, сонда да көп нәрсені білгім келеді», – деді Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Азамат Сатыбалды.

«1,5-2 жылдай бізге сабақ берді. Ол кісі мені шәкіртім дейді. Сондай бір

жақсы қарым-қатынастамыз. Бұл кісінің тағдырын білеміз, ол жазылып та жатыр. Бірақ соның бәрін көтеріп мына жасқа келу деген... Мықты адам», – деді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актері Бауыржан Қаптағай.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Отыз ұлың болғанша...



Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
19 мамыр, 18.30.

Махаббат, қызық мол жылдар



Өтетін орны:
Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
24 мамыр, 18.30.



«Batyr. Gul Almaty» арнау концерті

Өтетін орны:
Республика сарайы.
Күні мен уақыты:
20 мамыр, 19.30.



КӨРМЕ

«Өнер – сананы өзгертеді»

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Өнер – сананы өзгертеді» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды.

Көрме аясында «Өркендеу жолы» жобасы таныстырылды. Бұл атау кездейсоқ таңдалмаған, бәрі де жолмен басталып, жолмен аяқталатындықтан дейді жобаның дем берушісі әрі қазақстандық белгілі суретші Армат Бектас.

Автор ретінде ол бейнелеу өнері арқылы қоғамның, мәдениеттің қарым-қатынасын және ұлттық идеяның қалыптасуын жаңаша түсіндіруімен танымал.

«Мен Кандинский мен Пикассоның жұмыстарын зерттедім, олардың барлығы да өздерінің абстрактілік жұмыстарының рухани байланысын іздеді. Мен олардың зерттеуін жалғастырып, өз жұмыстарыма, символдарым мен таңбаларыма рухани өзек жүргіздім. Менің жұмыстарымнан әрбір конфессияның немесе этностың өкілі өзінің рухани символын көреді, өнерді өзі арқылы танып, өзгереді. Осыны мен «Sal Seri» галереясындағы өз шәкірттеріме де үйретемін. Түрлі мамандық адамдары өзінің шығармашылық әлеуетін аша алады, кез келген адам сурет салуды үйрене алады және ол үшін 10–15 жыл оқу міндетті де емес. Өмірде өтіп жатқандарға көз жүгірте келіп, сурет салатын адам – әрқашан да Жаратушы, ол ештеңені бүлдірмейді дегім келеді», – деді Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Армат Бектас.

Көрмені ұйымдастырушы – «QazaqGeography» республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Sal Seri» астаналық көркемсурет галереясы, оның осылай аталуына шабыт берген қазақтың біртуар дарабоздары – Бұқар жырау, Ақан сері,



Ақтамберді жыраулар. Көрмеге 16 автор қатысты. Оның көпшілігі – кәсіби емес суретшілер, Армат Бектасдың шәкірттері.

«Біз ұлттық саябақтарда экотуризмді дамыту үшін жұмыс істеп жатырмыз және біздің ойымызша, өнер – қазақстандықтардың табиғатты қорғау проблемасына назарын аударуға, экологияға және бірегей табиғат орындарына ұқыпты қарау туралы ойлануға ынталандырудың тамаша мүмкіндігі», – деді QazaqGeography РҚБ-ның басқарма төрағасы Орман Нұрбаев.

Көрменің алдында суретшілер «QazaqGeography» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Шарын шатқалында пленэр өткізді. Сырға толы табиғат көріністерінен шабыт алған суретшілер бірнеше жұмыс жазды, олар да осы көрмеден орын алды.

«Өнер – өзіме келер жол. Мен осылай деп айтқым келеді. Бутан Корольдігінде «Жолбарыстың ұясы» монастырында болғаннан кейін мен сурет сала бастадым. Алматыға қай-

тып келген соң сурет салуды жайлап қолға алдым, содан бері жеті жыл өтіп кетіпті. Мен өмірімде 25 елде болдым, соның ішінде өзгеру тұрғысынан алғанда, Бутанның орны айрықша. Сондықтан менің картиналарымның алғашқы коллекциясы Гималайға арналды. Рерихтің жолымен жүрсем деген ниет туып, болып, алғашқы картиналарым соның жұмыстарының көшірмесі болды. Біртіндеп өз стиліме келдім, осылайша менің өз картиналарым пайда болды», – дейді суретші Эльмира Қандықбаева.

Көрмеге «Абстракция» және «Реализм» жанрларында 44 кескіндемелік жұмыс қойылды. Олардың бәрі де өнер мамандары тарапынан жоғары бағаланды.

Армат Бектасдың шәкірттері әртүрлі болғанымен, оларды өздерінің кескіндемеге деген энтузиазмы мен сүйіспеншілігі біріктіріп тұр. Мұның бәрі олардың жұмыстарынан көрінеді. Эльмира Қандықбаеваның «Киелі Гималай» сериясындағы кейде өзіне тән жарқын, мәнерлі, анық көрінетін жағынды фактурасынан немесе Айнар Қанапиянованың «Қожа Ахмет Ясауи мешіті» пейзажындағы жайдары жазғы күнді берудің нәзік колористік шешіміндегі шығармаларынан табуға болады.

«Кескіндемеге біздің көпшілігіміз есейіп, ақыл тоқтатқан шағымызда келдік және біз өнердің – көркемсуреттік біліммен анықталмайтын рухани болмыс, ішкі қажеттілік сияқты адамның өзін көрсететін табиғи қажеттілігі екенін өз жұмыстарымызбен көрсеткіміз келді, сондықтан да біздің көрме – кез келген жастағы адамдардың өз мақсаттарына жете алатындығының жарқын мысалы», – деп өз ойымен бөлісті Эльмира Қандықбаева.

«Өнер – сананы өзгертеді» көшпелі көрмесі Қазақстанның бес қаласында өткізіледі. Суретшілер өз жұмыстарын Нұр-Сұлтанда, Семейдегі Невзоровтар отбасы музейінде қойған болатын. Келесі баратын жер Шымкенттегі Қазіргі заман өнер музейі болмақ. Көрмеге қатысушылар, сондай-ақ Өзбекстанда гранд-пленэр өткізеді.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес, бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса – ұқпасын, жабықпаймын,
Ел біркүншіл, менікі ертеңгі үшін...*

ЗАМАНСӨЗ

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.

«Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар – ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек», – деген еді В.Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

Серік ҚИРАБАЕВ.

Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген – Ахмет Байтұрсынұлы.

Қайым МҰХАМЕДХАНОВ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

БІЛІМ ЖАРЫСЫ

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар, я обществолар.

Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі, шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, шай-қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені, ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады.

Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі хәм оның ақырғы тиімі осы.

22.00 Прямой эфир! «Отдел журналистских расследований. Ближе к делу»

23.30 «Өлшеулі өмір». Саят Әбеневтың шығармашылық кеші
ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тәтті шоу
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ALL»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 КИНО. «О, Мәриям, Мәриям»
12.00 «Bizdin show» (қайталау)
14.00 Анимационный фильм «Шерлок Гномс»
16.00 КИНО. Нуртас Адамбаев в комедии «Келинка Сабина 2»
18.00 КИНО. Сильвестр Сталлоне в драме «Рокки Бальбоа»
20.00 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Крид. Наследие Рокки»
22.50 Концерт. «Алдараспан»
01.20 «31 әзіл»
02.00 What's up?
03.00 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7.55 «P@UTINA» бағдарламасы
8.45 Легендарное кино. «ЛЕТЯТ ЖУРАВЛИ»
10.35 Алиса Варова, Алексей Нилов, Михаил Тарабукин, Галина Сумина в многосерийном фильме «УЛЫБКА ЛИСА»
14.10 Владислав Галкин в фильме «ПО ТУ СТОРОНУ ВОЛКОВ»
18.00 «QAIМАҚ» бағдарламасының тұсаукесері
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.30 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
21.20 Константин Соловьёв, Мария Куликова в фильме «ЕГО ЛЮБОВЬ»
0.45 Ночной кинотеатр. Александр Лымарев, Светлана Ходченкова, Иван Жидков, Константин Крюков, Дмитрий Нагиев, Фёдор Бондарчук в фильме «НУЛЕВОЙ КИЛОМЕТР»
2.15 «P@UTINA» бағдарламасы
3.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
3.45 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
До 5.15



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гү-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қоңақ»
08.30 Т/п «Саяхаттандырылма ғандықтарыңыздан»
09.30 Т/п «Орёл и решка»
10.30 Х/с «Хрустальная мечта»
15.00 Реалити-шоу «Моя игра»
15.30 Х/ф «Каникулы off-line»

17.30 Т/х «Менің атым Арман»
19.40 Т/х «Аппақ келін»
21.00 Х/ф «Области тьмы»
23.00 Х/ф «Поезд на Юму»
01.20 Х/ф «Космос между нами»
03.30 Т/х «Менің атым Арман»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.20 «СУДАҒЫ ІЗ», телехикая
08.00 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
08.55 «KTKweb» (қайталау)
09.20 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.00 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»
11.20 «БОРЕЦ», детективная мелодрама (повтор)
15.30 «НӨРЕСТЕ НАЗАСЫ», көркем фильм
17.00 «АЛДАРАСПАН»
20.00 «AQ МАМА», реалити-шоу. Тұсаукесер!
21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». Новый сезон!
22.00 «МОИ ДОРОГИЕ», мелодрама (1–4 серия). В ролях: Татьяна Яковенко, Александр Соколовский, Дарья Пармененкова
01.30 «ВЕРНИ МОЮ ЛЮБОВЬ», мелодрама (повтор)
03.00 «НӨРЕСТЕ НАЗАСЫ», көркем фильм (қайталау)
04.20-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 Арнайы репортаж
07.20 ТЕННИС. Challenger 80
09.20 «КӨКПАР». Ұлттық ойын. 11 ойын. Түркістан облысы – Атырау облысы
10.00 ПАРА ДЗЮДО. Квалификационный турнир «Гран При Кубок Мира». Прямой эфир
14.00 Арнайы репортаж
14.20 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУ
15.00 ПАРА ДЗЮДО. Квалификационный турнир «Гран При Кубок Мира». Прямой эфир
18.00 «КӨКПАР». Ұлттық ойын. 12 ойын. Батыс Қазақстан облысы – Павлодар облысы
18.40 «Безмолвная игра». Сурдо-хоккей. Специальный репортаж
18.55 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы ММА «ОСТАГОН 30»
19.45 «Тәуекел аймағы». 18-бөлім. Деректі фильм
00.20 ФУТБОЛ. Матч қарсаңында. Студиялық бағдарлама. Тікелей эфир
00.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Ливерпуль» (Англия) – «Реал Мадрид» (Испания). Тікелей эфир
Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

7.05 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
7.35 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
8.05 «Пороро» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Айдар»
8.45 Анимация. Отандық / «Еркелер»
9.15 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Хайди» Мультхикая.
10.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
10.50 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
11.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.30 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
12.15 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.45 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
13.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
13.35 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
14.00 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
14.10 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
14.40 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
15.00 «Теңбіл доп» телехикаясы
15.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
16.10 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
16.35 «Пороро» Мультхикая.
16.50 «Еге мен Гага» Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
17.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.50 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
18.05 «Хайди» Мультхикая.
18.55 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
19.10 «Табиғат мектебі» танымдық бағдарламасы
19.30 Анимация. Отандық / «Кім болғың келеді?»
19.35 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.00 «Оззи» Толықметражды мультфильм.
21.30 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.15 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.30 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.

22.55 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.30 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA

06.00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12.10 Концерт Ернар Айдара «Жарай ма?»
13.30 «Қағаз кеме» телехикаясы
16.00 Кино
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.35 «Брак или брат 2» х/ф
01.30 «Ду-думан» шоу
02.30 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
03.10 Концерт
05.10 «Астана кеші көңілді»



TALIM TV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Жүйріктер
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 «Саморазвитие» – Маржан коуч
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Тәтті time
16.30 Саммари 100 кітап
17.00 Проза параграфы
17.20 Тамашаліке
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Talim
Speakers
Биомэн
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.00 25-сағат
22.10 «Рэкетир-1» – Көркем фильм
23.30 Пруст сауалнамасы



«Шашу» телехикаясы. «Хабар» арнасы. Сағат 13.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
29 МАМЫР

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.30 Концерт.
8.30 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.45 Телехикая.
«Гюмюш»
102 серия
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.35 Алматы тұнған тарих
2.55 Алматы кеші
3.40 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Күміс көмей».
Ұлттық-музыкалық
танымдық бағдарлама
7.25 «Talrup»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Менің атым Қожа».
Көркем фильм
(«Қазақфильм»,
1963 ж.)
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
14.00 Дисней ұсынады.
«Покахонтас 2».
Мультфильм (АҚШ,
1998 ж.)
15.10 ФУТБОЛ. ОЙЫНДАРҒА
ШОЛУ. «Ливерпуль»
(Англия) – «Реал
Мадрид» (Испания)
15.20 Концерт
17.30 «КҮЙ-КЕРУЕН»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
21.15 Сәкен Майғазиевтің
концерті
22.25 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая
(с субтитрами)
23.25 «Сағындырған
әндер-ай!»
0.30 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.20 «Күміс көмей». Ұлттық-
музыкалық танымдық
бағдарлама
2.10 «Aqsaуut»
2.30 «Жәдігер»
2.50 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино. «Охота за
призраком»
7.00 Телехикая марафоны
8.45 «Самопознание»
9.00 Профессиональный
бокс. Василий
Ломаченко – Накатани.
Трансляция из США
11.00 Кино.
«Балуан Шолақ»
13.00 Телехикая марафоны.
«Шашу»
16.00 Кино.
«Дорога домой»
18.00 Мегахит. «Вне/себя»
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны.
«Құстар әні»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 Кино. Нуртас
Адамбаев в комедии
«Келинка Сабина 2»
(повтор)
13.10 Кино. Сильвестр
Сталлоне в драме
«Рокки Бальбоа»
(повтор)
15.20 Кино. Сильвестр
Сталлоне в боевике
«Крид. Наследие
Рокки»
(повтор)
18.20 Кино. Сильвестр
Сталлоне в боевике
«Крид 2»
21.00 «Bizdin show»
23.00 Кино. «О, Мәриям,
Мәриям»
(қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 Әзіл студия
03.00 Әзілдер күнделігі
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ.
ОТЦЫ И ДЕТИ»
11.00 «ЕГО ЛЮБОВЬ».
Многосерийный фильм
14.30 Мария Куликова,
Андрей Егоров,
Ольга Арнтгольц,
Всеволод Болдин,
Евгений Пронин
в многосерийном
фильме «ТРИ ДОРОГИ»
18.20 Премьера.
«QAIYMAK»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Дмитрий Пчела,
Александра Эпштейн,
Наталья Калатай,
Дмитрий Сова в
многосерийном
фильме «ЛУЧШЕ ВСЕХ»
0.50 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».
Весенняя серия игр.
Финал
1.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы
2.30 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.00 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
4.45 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 5.10

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 Т/п «Құтты қонақ»
08.30 ОЯН, QAZAQSTAN
Music
09.00 Х/ф «Каникулы off-line»
11.00 Х/ф «Каникулы
off-line-2»
13.15 Х/ф «Области тьмы»

15.20 К/ф «Үмітінді үзбе»
16.50 Т/п
«Саяхаттандырылма
ғандықтарыңыздан»
17.50 Х/ф «Гудбай, мой
бай-2»
19.30 Т/х «SALEM, MEN
NURLAN KOYANBAYEV»
21.00 Х/с «Чужие дети»
01.10 Х/ф «Поезд на Юму»
03.10 Скетчком «Q-елі»
04.00 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «ОРИГИНАЛ»
09.20 «ЮМОРИНА»
11.30 «МОИ ДОРОГИЕ»,
мелодрама
(повтор)
15.20 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР»,
көркем фильм
17.20 АСАН ПЕРДЕШОВТИҢ
ЖЕКЕ ӘН КЕШІ.
Тұсаукесер!
20.00 «AQ МАМА», реалити-
шоу. Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ТЕНЬ ЗВЕЗДЫ»,
мелодрама
23.40 «НАСЛЕДНИКИ»,
криминальная
мелодрама
(повтор)
02.10 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР»,
көркем фильм
(қайталау)
03.40-
04.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ТЕННИС.
Challenger 80
09.05 Арнайы репортаж
09.20 «КӨКПАР».
Ұлттық ойын.
13 ойын. Қостанай
облысы – Ақтөбе
облысы
10.00 ПАРА ДЗЮДО.
Квалификационный
турнир «Гран При Кубок
Мира». Прямой эфир
14.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының журналы
15.00 ПАРА ДЗЮДО.
Квалификационный
турнир «Гран При Кубок
Мира». Прямой эфир
18.00 КОННЫЙ СПОРТ.
Этап Кубка мира
Евразийской лиги по
конкуру. Прямой эфир
20.00 Арнайы репортаж
20.20 ФУТБОЛ.
U-17 ерлер
арасындағы Еуропа
чемпионаты.
1/2 финал.
Тікелей эфир
22.25 «КӨКПАР».
Ұлттық ойын.
14 ойын. Солтүстік
Қазақстан облысы –
Алматы қаласы
«Безмолвная игра».
Сурдо-хоккей.
Специальный
репортаж
23.20 «Тәуекел аймағы».
19-бөлім.
Деректі фильм
23.50 ФУТБОЛ.
U-17 ерлер
арасындағы Еуропа
чемпионаты.
1/2 финал.
Тікелей эфир
01.55 ФУТБОЛ.
УЕФА Чемпиондар
Лигасының
журналы
02.20 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы кітаптар»
7.35 Анимация. Отандық /
«Алан мен Қозықа»
8.05 «Пороро»
Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық /
«Айдар»
8.45 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
9.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайысы
9.40 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 Анимация. Отандық /
«Сәби»
10.35 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
10.50 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
11.20 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
12.05 «Зак дауыл»
Мультхикая.
12.35 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
12.55 «Үкілі әуен»
телехикаясы
13.25 Анимация. Отандық /
«Пырактар»
13.50 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
14.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы кітаптар»
14.40 «Тәжірибе
алаңы» танымдық
бағдарламасы
14.50 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
15.15 «Теңбіл доп»
телехикаясы
15.55 Анимация. Отандық /
«Кім болғың келеді?»
16.10 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
16.35 «Пороро»
Мультхикая.
16.50 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.00 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
17.15 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
17.35 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
17.50 Анимация. Отандық /
«Ғарышкер бала Жігер»
18.00 «Үйрен де,
жирен» танымдық
бағдарламасы
18.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
18.50 Анимация. Отандық
/ «Қызықты
энциклопедия»
19.05 Анимация. Отандық /
«Кім болғың келеді?»
19.35 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
20.00 «Теңбіл доп»
телехикаясы
20.40 Анимация. Отандық /
«Маржан тіс»
20.55 «Табиғат мектебі»
танымдық
бағдарламасы

21.15 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
21.25 «Зак дауыл»
Мультхикая.
21.55 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.25 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
22.50 «Үкілі әуен»
телехикаясы
23.25 Анимация. Отандық /
«Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA

06.00 «Кэбэк» корей
телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Кекеш келін» үнді
телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік
телехикаясы
12.10 «Ду-думан» шоу
13.30 «Шаншар»
17.50 «Брак или брат 2» Кино
20.00 «SaraTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры» түрік
телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді
телехикаясы
23.35 «Өткінші жаңбыр»
телехикаясы
02.00 «Преподы» телесериал
04.10 «Қызғалдақ» түрік
телехикаясы
05.00 «Үздік әзілдер»

TALIMTV TALIMTV

7.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Биомэн
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив)
– Қайталау
16.00 «Теңгеші» – Ұлттық
спорт
16.30 Tamashalike
17.00 Оңline
17.20 Менің – Анам, Әкем
18.00 Өнер қырандары
18.50 Биомэн
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style

«Күй керуен».
«Қазақстан» арнасы. Сағат 17.30-да.



АТА ЗАҢ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ қоғамның барлық өзекті мәселелерін қарастырған

Заң – қай кезде де, қай мекенде де қоғамды бірлік пен тәртіпке ұстайтын құрал болған. Замандар өте оның атауы ауысып тұрса да, мемлекет үшін маңызы өзгермеді. Қазақ даласының да өзіндік ерекшеліктеріне тән заңнамалары болды. Олар жаңа билеушілердің қалауымен жылдар өте толығып, өзгеріп отырды. Алдағы уақытта бүгінгі референдум арқылы Ата Заңымыздың 33 бабына өзгеріс енгізілмекші. Осы орайда, назарларыңызға Қазақ хандығынан Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі қазақ жерінде орнаған заң жинақтарын ұсынамыз.

Ұлы жасақ

Қазақ хандарының Шыңғыс әулетінен шығып отырғаны белгілі. Қазақ хандығының орнында болған Алтын Орда мен Ақ Орданың да негізін Шыңғыс ханның ұлы Жошы қалағанын тарих беттерінен білеміз. Сондықтан қазақ даласындағы кейінірек шыққан заңдар жинағына Шыңғыс «Яса» немесе «Ясақ» (Ұлы жасақ заңдары) деп аталатын әскери-құқықтық заңдар жинағы-

жылы түркі тайпаларына қарсы жорықты ұйымдастыру мақсатында жиналған кезекті құрылтайда заңға біршама толықтырулар енгізіліп, 1225 жылы қайта бекіткен.

Ғалымдар «Ұлы жасақты» келесідей жеті бапқа бөлген: жалпы ережелер; халықаралық қатынастар заңы; үкімет және қарулы күштер туралы заң; қылмыстық заң; әскер туралы заң; азаматтық заң; сауда туралы заң.



ның әсер еткені сөзсіз. Айтылған жинақ Шыңғыс ханның «Ұлы жарғысы» деп те аталған. Біз рулық-тайпалық тәртіп пен ислам шариғатын шетке ысырып, Қазақ хандығының заңдары тек «Яса» негізінде жасалған деуден аулақпыз. Тек Шыңғыс ханның «Ұлы жарғысының» жалпы көшпенділер тарихына әсер мол болғандықтан, шолу жасап өтуді жөн көрдік.

Парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің жазуынша, Шыңғыс хан керей, найман, меркиттер тайпаларын жеңгеннен кейін 1206 жылы үлкен құрылтай жасап, осы жиында «Ұлы жасақ» заңдарын қабылдаған. Ал 1218

«Македонский он жылда құра алмаған мемлекетті Шыңғыс хан 2-3-ақ жылда құрып үлгерді... Шыңғыс ханның «Яса» заңында «эралуан діндер, әртүрлі тайпа-ұлыстар тең құқықты, ұқсас құрметке ие болады», – деп дәріптелген.

Сондықтан Шыңғыс ханға бағынышты ұлы түрік империясындағы сунийлер мен шииттер, буддистер мен яһудилер, христиандар, түріктер, армяндар бір кісідей өмір кешті. Бұған сырттан келгендер қайран қалатын...», – деп атақты араб ғалымы ибн әл-Әсир өз жазбаларында «Яса» туралы пікір білдірген.

Қасым ханның қасқа жолы



Аталмыш заңдар жинағы «Қасым ханның қасқа жолы» атымен енген. Жарғы негізі орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстары қолданған «ярғу» заңынан (қазақша «жарғы» – хақиқат деген ұғымды білдіреді) алынған.

Қасым ханның бастауымен билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне» келесідей мәнді өзгерістер енгізілген: мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері); қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық, т.б. қолданылатын жазалар); әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны, т.б.); елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнері); жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар, т.б.)

«Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа билік жүргізді. Оның халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бұл жұртта Қасымнан асқан күдіретті хан болған жоқ», – деп әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-Рашиди» атты кітабында жазған.

Қасым хан отырықшы елдердегі тәртіп-заңға ұқсамайтын көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа заң «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кеткен тәртіп орнатты. Қазақ хандығының мемлекеттік негіздері де осы заңда көрініс тапты.

Қазақ хандығы құрылған соң, Алтын Орда мен Ақ Ордадан жеткен жарғыларға айтарлықтай өзгерістер енгізіп, өз заманына қарай бейімдеген билеуші – Қасым хан болды. Ол саяси жағдайға және халық бұқарасы мен билер тобының тілегіне негізделіп, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрыптық ереже-тәртіптеріне мәнді өзгерістер енгізіп, дамытып билер кеңесінде ақылдаса отырып, «жарғы» заңын жасады.



Есім ханның ескі жолы

«Қасым ханның қасқа жолы» қағидалары XVII ғасырға дейін өзгерусіз жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598–1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды.

Қасым ханның заңдар жинағы қазақ даласындағы билік жүйесін қалыпқа келтіріп, тәртіп орнатқанымен, сырттан келген жауға және іштегі бүлікшілерге қарсы қос майданда жүрген Есім ханның тұсында бұл жарғыға өзгеріс енгізу керек болды. Халық «Еңсегей бойлы ер Есім» деп ардақтаған Есім хан заман талаптарына сай мұндай өзгерістерді енгізе білді. Халық бұқарасы «Қасым ханның қасқа жолын» өз уақытына қарай дамытқан жаңа жарғыны ұнатып, оны «Есім ханның ескі жолы» деп атап кеткен.

Өкінішке қарай, «Есім ханның ескі жолы» заңының түпнұсқасы бүгінгі күнге жеткен жоқ. Дегенмен, фольклорлық деректерде «Есім ханның ескі жолының» төрт тұғыры болғандығы айтылады. Олар: 1. Хан болсын, ханға лайық заң болсын. 2. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын, 3. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын. 4. Би болсын, би түсетін үй болсын.

Бұл заң ережелері қоғамның барлық өзекті мәселелерін қарастырған: жерге қатысты



заңдар; малға байланысты ережелер; мүлктік қатынастар; қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру, қасақана жарақат келтіру); әйелдердің қоғамдағы жағдайы туралы; әскери міндеттілік туралы; дәстүрлі шаралар мен кедейлерге көмектесу туралы мәселелерді қарастырған.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы»



Ел арасында Тәуке хан билік құрған кезең «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деп саналады. Оған бір жағынан қазақ ханының билеуші ретіндегі мықтылығы әсер етсе, Тәуке ханның тұсында қабылданған «Жеті жарғы» екінші себебі еді.

«Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» жалғасады. Бұл заңнаманы жасау заман талабынан туындаған. XVII ғасырда қазақ хандығына жан-жақтан қауіп төніп, елдің ауызбірлігі әлсірей бастайды. Осы тұста Тәуке хан хандықты нығайтуға күш салды. Бұл үшін мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесі қажет болды. Осы мақсатта Құлтөбенің басында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бас қосып, «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады.

«Жеті жарғының» толық нұсқасы сақталмаған. Оның үзінділерін К.Шүкірәлиевтің (1804), Я.Гавердовскийдің (1806), А.Левшиннің (1832) жазбаларынан оқуға болады. Сондай-ақ, Н.Гродеков, Л.А.Словохотов, А.П. Чулошников

тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері шежіреші Ә.Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға жақын келеді. Аталған нұсқада Жеті жарғының аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалынған.

«Жеті жарғыға» әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Мазмұны жағынан «Жеті жарғы» үшке бөлінеді: біріншіден, қазақтың ежелгі әдет-ғұрып заңдарын қамтыған «Қасым ханның қасқа жолына» негізделген, екіншіден, одан соңғы өзгерістер, соның ішінде «Есім ханның ескі жолына» негізделсе, үшіншіден, Тәуке ханның дәуіріне, саясатына сай енгізілген жаңалықтар.

«Жеті жарғы» заңдар жинағының негізгі мазмұны мынандай болған: жер дауы заңы; отбасы-неке заңы; әскери заң; сот заңы; қылмыстық істер заңы; құн заңы; жесір дауы заңы.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

НЕ ҚАТ БОЛСА,
СОЛ ҚЫМБАТБіздің жағдайда ол
қаншалықты қисынды?

Бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбының бірі – баға, оның ішінде азық-түлік нарқы. Ел арасында ол туралы сөз де көп. Ал ақиқат не айтады? Тамақ неге қымбат? Елдегі қымбатшылық пен дендеген инфляция қашан тежеледі? Әлбетте, бұл сауал үкіметпен қоса, қарапайым халықты да алаңдатып отыр.

Бірінші тоқсанда Алматыда азық-түлік саудасы 30,9 пайызға кеміген. Соның салдарынан бизнес 52,1 млрд теңгеден қағылған. Әрине, мұндайда алдымен ауызға қаңтар оқиғасының зардабы алынады. Дегенмен, мұндай жағдай ақпан айында да көрініс тапты. Ал кейбір сарапшылардың айтуынша, қаңтар дағдарысы басылғаннан кейін бәрі де оңтайлануға тиісті сияқты еді. Осының бәрі инфляцияның әсері, дейді сарапшылар. Сәуір айының қорытындысы бойынша Қазақстанда жылдық инфляция көлемі 13,2 пайыз болды. Ал жыл басында 7,3 пайыз болатын.

Әзірге инфляция қысымының әлсіреуінен үміт шамалы. Соның салдарынан азық-түлік қымбаттауда. Әлем бойынша дәнді дақылдардың, өсімдік майының, сүт, ет өнімдері мен канттың қымбаттағаны анықталып отыр. Әсіресе, өсімдік майы күрт қымбаттаған. Наурыз айының қорытындысы бойынша бұл өнімнің нақты баға индексі рекордты 248,6 пункт болды. Әлемдік импорттық сұраныстың өсуіне байланысты басқа да май түрлері қымбаттау үстінде.

Тек қана импорттық азық-түлік қана қымбаттаған жоқ. Қазақстандық агроөнімдер өндірісінде де кінәраттар байқалады. Өнім өсіру үшін алдымен тыңайтқыш қажет. Өткен жылы 10 пайыздық деңгейді көрсеткен тыңайтқыштың көтерме бағасының өсуі үстіміздегі жылдың сәйкес мерзімінде 43,5 пайыз болды.

Қымбатшылықтың алдымен дастархан мәзіріне әсер ететіні айтпаса да белгілі. Бұрынғыдай күнде ет жейтін тоқшылық жоқ. Оның есесіне, қарапайым халық арзан өнімдерге бет бұрған.

Ет мәселесінде үстіміздегі жылы құс еті мен шұжық тұтынуының мөлшері барынша артқаны байқалады. Жалпы бұл тенденция Қазақстанда біраздан бері бар. Атап айтқанда, өткен бес жылдың ішінде құс етінің орташа тұтыну мөлшері 30,6 пайызға өсіп, әр адамға 283 граммнан келген. Пісірілген шұжыққа байланысты бұл көрсеткіштер тиісінше 15,4 пайыз және 95 грамм.

Кенестік дәуірден белгілі «нан болса, он де болады» деген тәмсіл бар. Алматыдағы нан



бағасын бәріміз де көріп отырмыз. Әрине, бұл орайда үкімет те қарап отырған жоқ. Үкімет әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандырудың жан-жақты шараларын қарастыруда.

Сөз арасында айта кетуіміз керек, заң тұрғысында әлеуметтік маңызы бар тауарларға ішінде ұн, күріш, картоп, т.б. бар 19 түрлі азық-түлік жатады. Үкімет осы 19 тамақ түрінің бағасын тұрақтандыруды 2020 жылдың наурызынан бері қолға алды. Себебі, ол кезде елдегі инфляция көлемі межелі мөлшерден 6 пайызға дейін артқан болатын.

Дейтұрғанмен, қымбатшылық салдарынан халықтың мал өнімдерінен гөрі біршама арзан құс еті мен жұмыртқаны көбірек тұтына бастағанын айттық.

Қолда бар деректердің айтуына қарағанда, жұмыртқа беретін отандық құс фабрикалары ішкі сұранымды 95 пайыз жабады екен. Ал өндірілген жұмыртқаның 5 пайызы шетелге шығарылады.

Жалпы, Қазақстанда жұмыртқа өндірудің жетістіктері баршылық. 2019 жылы отандық компаниялар шетелге 425 миллион дана жұмыртқа шығарған көрінеді. Ал ол жалпы өндірілген өнімнің 10-ақ пайызы. Ал 2020-2021 жылдары жұмыртқа экспорты біршама төмендеген. Себебі, елдегі сұраным артқан.

Өздеріңіз көріп отырғандай, елде қазақы асқазаннан етті қуып шығып, мықтап орнығып алған жұмыртқаға әзірге тапшылық жоқ. Соған қарамастан, жұмыртқа бағасының да төмендегенін көре алмай отырмыз. Оны да биліктің ойға алар бір мәселесі дер едік.

Қорыта келгенде айтпағымыз, қымбатшылыққа әсер етіп отырған басты фактор тауардың тапшылығында ғана емес екен. Демек, елде азық-түлік бағасын реттеуге байланысты шешілмеген мәселе әлі де бар сияқты...

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

ТЕГІН БІЛІМ
жұмысқа тұруға кепілдік

Жұмыссыз алматылықтардың жұмысқа орналасуына жол ашатын тегін курстарда оқуға мүмкіндік бар.



Нақтырақ айтсақ, Алматы қаласының жұмыссыз жүрген тұрғындары Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді тегін кәсіби курстардан өте алады. Биыл сол қысқа мерзімді курстарда 600-ден астам тұрғынды оқыту көзделіп отыр.

Бүгінде мемлекеттік бағдарлама бойынша Жұмыспен қамту орталығымен қаланың 25 мамандық бойынша оқытуды ұсынатын 24 оқу ұйымы ынтымақтасуға дайын. Бұл орайда Жұмыспен қамту орталығы, оқу орталығы, жұмыс беруші және курс тыңдаушысы арасында төртжақты келісім-шарт жасалады. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға жұмысқа орналасуына қолдау көрсетіледі.

Оқу мерзімі – 3 ай. Оқу кезінде 20 948 теңге мөлшерінде стипендия төленеді. Курстарды аяқтағаннан кейін сертификат беріледі. Тағы да нақтылай кетсек, жұмысқа

орналасуға жәрдем көрсетіледі. Тегін кәсіби білім беретін курстарда тек Алматы қаласында тұрақты тұратын немесе уақытша тіркелген жұмыссыз азаматтар ғана оқи алады. Курстарға жазылу үшін Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығына (Достық даңғылы, 85-үй, тел.: +7 (727) 310-21-31) хабарласу қажет.

Ал 2022 жылы оқытылатын мамандықтар мыналар:

– **автослесарь; автоэлектрик; туризм жөніндегі агент; веб-дизайнер; бет әрлеуші; тас қалаушы; кондитер; киім дизайнері; жиһаз жинақтаушы; сырлаушы; массажист; тырнақ жөндеу, әрлеу шебері; шаштараз; ЭЕМ операторы; кеңсе менеджері; наубайшы; аспаз; тігінші; тәрбиешінің көмекшісі; слесарь-сантехник; құрылыс ұстасы; экскурсия жетекшісі; электр желілерін пайдалану жөніндегі электрик; электр газбен өңдеуші.**

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – 30



Біз кеше Антына адалдық танытып, міндетін мінсіз орындаған жүздеген сарбаздың отбасына қайтуға жиналған қуанышына куә болдық.

САРБАЗДАР АМАН-ЕСЕН
ҮЙІНЕ ҚАЙТТЫ

Ұлттық ұланның Алматы қаласында орналасқан 5571 әскери бөлімінде әскери қызметін жыл бойы өткерген сарбаздарды әскери міндетінен босатып, отбасына шығарып салу іс-шарасы салтанатты жағдайда өтті.

– Олар қоғам тыныштығын қырағылықпен күзете білді. Ата-ана, бауырларынан жырақта жүріп, өз бетінше өмір сүруге бейімделді десек те болады. Мәселен, әскердегі ең басты ұстаным, ұранның бірі – «бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін» деген ұғымға салсақ, бұл жауынгерлік рухты жәни түсетін сөз екенін байқаймыз.

Айталық, әскердегі әрбір сарбаз – бір-біріне бауыр. Әскери бөлім олар үшін үлкен бір қарашаңырақ десек те болады. Сарбаз сондай шаңырақтың бір мүшесі атанып, өз

киіміне әркім өзі күтім жасай жүріп, тәртіпке бағынып, уақытын пайдалы өткізуге ұмтылады. Мұның сыртында Отан алдындағы борышын жырақта жүріп өтеп жатқан сарбаздың сағынышы көңілін толқытатыны тағы бар. Осының бәрі де айналып келгенде адам жанын ізгілікке жетелей түсетін, сағыныш сезімі арқылы жаныңды рахатқа бөлейтін тәрбие саласының тетіктері, – дейді майор Бақыт Әліпбаев.

Ұлттық ұлан жауынгерлері қоғамдық тәртіпті қадағалау қызметінде Полиция департаментінің өкілдерімен тізе қоса еңбек ететіндіктен, құқық қорғау органдарының жетекшілері де қызмет барысында өзін үлгілі етіп көрсеткен сарбаздарды марапаттауға келген болатын. Атап айтқанда, қала көшелеріндегі қоғамдық тәртіп-

ті қамтамасыз ету барысында айрықша қырағылығымен көзге түскен сарбаздарға «Алғыс хат» пен бағалы сыйлықтар ұсынылды.

Осылайша Отан алдындағы әскери борышын абыроймен атқарып, еліне адал қызмет еткен сарбаздар жауынгер рухын оятатын асқақ әндерін шырқап, алаң ортасынан салтанатты шерумен жүріп өтті.

Содан соң әрбір взвод сарбаздары әскери бөлім ардагерлерімен естелік суретке түсіп, мерзімді қызметтен босатылып, туыстарымен қауышып, қуанышқа бөленіп жатты. Ал алыстан келген сарбаздар үшін жол жүретін уақыт жеткенге дейін ару Алматының көрікті жерлерін тамашалауға мүмкіндік берілді.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 17 мамырда, сағат 10.00-де, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сейфуллин к-сі, 433-үй мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО аумағында, акт залында №103 кабинетте «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО, 2- ЖЭО, БЖК ластандыру көздерінде эмиссиялардың автоматтандырылған мониторинг жүйесін (АМЖ) жобалау» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлігі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Карантинді ұзартқан жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн-режимінде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNj1ldz09>

Конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660

Кіру коды: 7KLer7

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254 03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Төле би к-сі, 216 Г үй, кеңсе, БСН 040840000075, байланыстағы тұлға: Тазабеков Асет Жумағалиевич, e-mail: ecoservic@ecoservic.kz, 8 (707) 966 45 59

Жергілікті атқарушы органы – «Алматы қ. Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 262-16-13.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty.gov.kz>

«Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, «Алматы қ. Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 262-16-13, электрондық мекенжайы: upirp@mail.ru.

БАЙҚАУ

«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың келесі ұйымдарда өткізілуін хабарлайды:

№	Медициналық ұйымдардың атауы
1	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№2 қалалық емхана» КМК
2	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№4 қалалық емхана» КМК
3	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «Қалалық жедел жәрдем ауруханасы» КМК
4	Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «Алмалы ауданының БМСК көрсету орталығы» КМК

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады:

1. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№2 қалалық емхана» КМК – ҚР, Алматы қ., Медеу ауданы, Шухов көшесі 37 Б, тел.: 8 (727) 312-24-89 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.gp2.kz;

2. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№4 қалалық емхана» КМК – ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, «Орбита-3» ықшамауданы, 12-үй, тел.: 8 (727) 312-24-75 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.wp.gp4.kz;

3. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «Қалалық жедел жәрдем ауруханасы» КМК – ҚР, Алматы қ., Алмалы ауданы, Қазыбек би көшесі, 96, тел.: 8 (727) 292-43-07 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.gbsnp.kz.

4. Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «Алмалы ауданының БМСК көрсету орталығы» КМК – ҚР, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көшесі 157, тел. 8 (727) 379-70-00 – қосымша ақпаратты веб-сайттан табуға болады www.pmsp-almaly.kz.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы кәсіпкерлерінің назарына!

Құжаттарды қабылдау: «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ;

Пошталық мекенжайы: 050040

Электрондық пошта мекенжайы: info@almaty.upp.kz, mb_otdel@mail.ru;

Толық ақпаратты: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303, 3 қабат, 302-қаб.; немесе байланыс телефондары арқылы білуге болады: 390-20-99; 390-21-09.

Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 28 қазандағы №773 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 11 қарашадағы №795 дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге арналған өтініштерді «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ қабылдайды.

Өтінім берілетін жер: «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2022 ж. 1 маусымнан бастап 2022 ж. 15 маусым аралығында.

Өтінімдерді берудің басталу күні: 2022 ж. 1 маусым.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні: 2022 ж. 15 маусым.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

КЕНЕДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Алматы қаласында кенеге қарсы өңдеудің екінші кезеңі басталады: қала тұрғындары не білуі керек?

Алматы қаласында ағымдағы жылдың 16 мамырынан жалпы ауданы **2424,54 гектар** болатын орманды алқаптарда, қала саябақтары мен скверлерінде кенелерге қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарының екінші кезеңі басталды. Өңдеу жұмыстарымен 8 орманды алқап (көлемі – 1904,924 га), 144 қала саябақтары мен скверлері (көлемі – 519,616 га) қамтылады және ауа райына байланысты (құрғақ, жауын-шашынсыз күндері) кестеге сәйкес 2022 жылғы **16 мамырдан 10 маусымға дейін** жүргізіледі.

Дезинсекциялық іс-шараны қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандарының тікелей бақылауымен «Алматы қаласының дезинфекция орталығы» филиалы атқарады. Жасақталған дезбригадалар қажетті құралдармен, көліктермен және жеке бас қорғаныш заттарымен жабдықталған. Кене энцефалитіне қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін «Фаворит» акарицидтік препараты қолданылады. Препарат аз уытты және қауіпті емес санатына жатқызылады (3-4 топ). Кенелермен күресу үшін қолданылатын дозалар ең аз және адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз болып табылады. Өңдеу жұмыстары таңғы уақытта жүргізіледі. Өнделетін аумақтардың шекараларында «Кенеге қарсы өңдеу жүргізілуде» ескерту хабарламасы бар белгілер орнатылады.

Қала тұрғындары төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет:

- акарицидты препараттың ерітіндісін денеге немесе киімге тигізіп алмас үшін кенеге қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстары жүргізілген жерлерден қашықтау жүру керек;
- жердегі шашыратқан препарат кепкенге дейін үй жануарларын өңдеу жұмыстары жүргізілген жерлерге жібермеу керек;
- өңдеу жұмыстары жүргізілген жерлерден 40 күн бойы саңырауқұлақ, шөп немесе жидектерді жинауға және пайдалануға болмайды;
- қала тұрғындары мен қонақтары қала саябақтары мен скверлерге, табиғи ошақтарға кенелерге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілген кезде және одан кейін 3 күн ішінде бармау керек.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясының бортында-
ғы жолаушыларға қолжетімді.



Бүлдіршіндерге тарту



Рая
ЕСКЕНДІП

Балалар жылы аясында Алматы қаласы әкімшілігі кішкентай бүлдіршіндерге үлкен тарту жасап отыр. Медеу ауданының «Самал-2» ықшамауданындағы №114 және №116 бөбекжай-балабақшалар күрделі жөндеуден өтіп, 1 маусым күні пайдалануға беріледі.



Суреттерді түсірген Қайрат Қонысбаев

№116 бөбекжай-балабақша еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылы ашылған. Өзінің отыз жылдан астам тарихында балабақша дәл осындай күрделі жөндеуден өтпеген еді. Сондықтан екі жылға созылған күрделі жөндеуден өткен ғимаратты жаңадан соғылған құрылыс нысаны деуге де болады. Ойткені, екі қабатты балабақша нысанына тағы да бір қосымша қабат пен жапсарма ғимарат қосылып, жаңадан екі топ ашылып отыр. Сонымен қатар, төтенше жағдай орын алғанда сыртқа шығып үлгеретін қосымша қауіпсіздік баспалдақтары да салынған. Жаңа балабақша барлық талапқа сай, қауіпсіздік шаралары толығымен қамтылған. Ғимараттың іші мен сыртқы ауласына бірнеше бейнебақылау орнатылған. Балабақша жиһаз бен төсек-орын, интербелсенді тақталар, жаңа компьютерлер мен оқу әдістемелік құралдарымен толық қамтылған.



Сонымен, №116 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Альмира Бектұрғанқызының айтуынша, енді санаулы күнде жаңа ғимарат есебінен кезегін күткен 50 бүлдіршін орынмен қамтылмақшы. Яғни 145 бүлдіршінге арналған балабақшаның ендігі жерде 190 баланы қабылдауға толық мүмкіндігі бар. Бүлдіршіндер мектепке дейінгі біліммен толық қамтылып, музыка, спорт, еңбекке баулу сияқты пәндерді игеретін болады. Қысқасы, жаңа типті балабақшада бүлдіршіндердің жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Күрделі жөндеуге дейін балабақшаның денешынықтыру залы болмаса, енді бұл олқылық толығымен жойылды. Сондай-ақ, логопед, дефектолог, психолог, оқшаулау, екпе егу бөлмесі ашылып отыр. Жаңа балабақша ерекшелігі бар балаларды да орынмен қамтитын болады.

Келесі бір күрделі жөндеуден өткен мекеме №114 бөбекжай-балабақшасы 1987 жылы ашылған. Балабақша бұрын 6 топты болса, тағы 2 топ ашылмақшы.

— Бірыңғай кезек бойынша 2 жас пен 5 жасқа дейінгі бүлдіршіндерді қабылдаймыз. Материалдық жағынан толығымен қамтылып, бүлдіршіндерді мектепке дейінгі біліммен толық қамтуға барлық жағдай жасалған, — дейді №114 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Жеңіскүл Сыбанбаева. Алматы қалалық жайлы қала басқармасы активтерді басқару басшысы Алаш Маманбаев №114, №116 бөбекжай-балабақшалардағы күрделі жөндеу мен қайта құру жұмыстары 2020 жылдың мамыр айында басталып, сәтімен аяқталғанын, ең бастысы — мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығы сәл де болса азайып, сыйымдылығының артқанын жеткізді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ДҮНИЕГЕ ӘППАҚ ҚҰРАЛАЙ КЕЛДІ

Бұл 100 жылда бір болатын құбылыс. Ақ құралай туса, елде ақ мол, ризық пен береке көп болатын көрінеді



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Иә, әлеуметтік желіде шағын мәтінмен осындай видео жарияланды. Лайым еліміз тыныш, ризығымыз мол болсын.

«Құралайдың желі» мамырдың 14-інен басталғанын өткенде айтқанбыз. Қазір дала аңы ішінара төлдеп жатыр. Ертеңнен бастап жел, дауыл тұрады.

Ол жерді біршама кептіргенімен, оны қатты суытып жібереді. Сол кезде тау басына бұлт төніп, аспан бұзылады. Бұл — аң төлдейтін мезгілдің болғанын білдіргені. Осы кезде киіктер лақтап болып, құралайын суық жерден тұрғызып, жүгіртіп өргізеді. Киіктердің төлдеуі екі-үш күнге ғана созылады. Мамыр айының аяғында болатын осындай суық күндерді «Құралайдың салқыны» деп атаған.

Киікті қазақ кие санаған. Киіктердің мүйізінен пантокрин дәрісі алынады. Тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққанды емдеуге пайдаланады.

Осындай қасиеті үшін қазақ киікті дәріптеп: «киелі жануар», «қасиетті аң» деп бағалайды. Әдемі заттарды «киіктің асығындай екен» деп, сұлу жанды «киіктің құралайындай екен» деп суреттейді. Көпке араласпай, жеке жүретін, саяқ өмір сүретін жандарды «кісі киік» деп атайды. Біздің сөздік қорымызда «киіктің ойнағы», «киіктің жатағы», «киіктің суаты» деген сөз тіркестері бар.

Мамырдың 20–25 аралығында тағы бір амал қатар жүреді. Ол Күйек деп аталады. Түз аңдарының күйегі түсуін көрсетеді. Аңыз бойынша Күйек қаба сақалды атайдың аты делінеді. Басқаша аталуы: Қыр күйек.

Осы уақытта бірнеше күнге созылған сылбыраң жауын болады. Қарайтын иесі, жылы үйшігі жоқ түз аңдары «ат көзінен келетін» көк майсаға туралап төлдейді.

Аңызсыз амал бола ма қазақта, Күйекке қатысты да төмендегідей аңыз бар: ертеде малшылар қыстан



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

Аң-құстардың әрекетіне қарап жасалған жорамал

* Құр мен шіл құрқылдап пана іздесе, ұзамай боран басталатынын білдіргені.

* Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді.

* Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды болады деп күткен жөн.

* Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса боран, яки дауыл тұрады.

аман өтіп, мал жем-шөптен қиналмайтын осындай мезгілде ойдан бір қаба сақалды Күйек есімді жыршы келеді, ол қыс бойына сауық-сайрансыз өткен малшы қауымға қуаныш-шаттық сыйлайды...

5-6 күннен кейін күміс белдік тағынған бір сал-сері ақын келеді, ол малшылықта жүрсе де үстіне шаң жуытпаған ер екен, сондықтан ел оны «мырза» деп атап кетеді. Әр жылы осы күйек мезгілінде «мырза» мен «қаба сақал» екеуі бірінің артынан бірі келіп тұрады. Екеуі бір жолғы айтыста бет жыртысып қала-

ды да, малшылар ол екеуін екі жерге отырғызып қояды. Осыдан кейін олар бірін-бірі көрмеу, кездеспеу мақсатымен кезектесіп келетін болыпты-мыс.

Бүгін мамырдың 19-ы, ай есебі бойынша, 18-і, ескіше айдың 5-і. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде. Бұл ауа райында көп өзгеріс болмайтынын аңғартса керек. Алдағы аптада жауын-шашын ептеп болса да сирекситін сияқты. Сол себепті, күннің қызуы бұрынғы күндерге қарағанда, жоғарылай бастайды. Дегенмен, жаздың жайдарлы күндеріне әлі ертерек.

